МЕКТЕП ҚЫЗМЕТІНЕ ӨЗІН - ӨЗІ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Арқалық қаласы, 2025 жыл

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Б. Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзін - өзі бағалауы

Білім беру ұйымының басшысы: Н.А. Ахатов

Мекен жайы:
Сәтбаев көшесі, 18 үй
Новый кенті
Арқалық қаласы
Қостанай облысы
Телефон: 8-71430-7-98-16
e-mail: kst.arк.sh3@mail.kz

Мазмұны

1-параграф **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары**		
1) Білім беру ұйымы туралы жалпы сипаттамасы	1	2
2) Қадрлық құрамға талдау	2	4
3) Тәрбиеленушілер контингенті	5	5
4) Оқу - әдістемелік жұмыс	6	15
5) Оқу – материалдық активтері	16	18
6) Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры	18	22
7) Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау	22	29
2-параграф **Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшнемшарттары**		
1) Білім беру ұйымы туралы жалпы сипаттамасы	30	30
2) Қадрлық құрамға талдау	31	119
3) Білім алушылар контингенті	120	123
4) Оқу-әдістемелік жұмыс	124	279
5) Оқу - материалдық активтер	280	298
6) Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры	299	305
7) Білім алушылардың білімін бағалау	305	328
8) Білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасы	325	
9) Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары		
10) Қорытындылар мен ұсыныстар		

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы
№3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

1 бөлім. Білім беру ұйымы туралы жалпы сипаттамасы.

Білім беру ұйымының толық атауы:	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ұйымның заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері:	110300, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Новый кенті,Сатпаев көшесі, 18
Заңды тұлғаның байланыс деректері:	**Телефон:8714-30-7-98-16** **Электронды пошта**: kst.ark.sh3@mail.kz; **Web-сайт:kst:**kst.ark.sh3@mail.kz; инстаграм, фейсбук парақшасы.
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:	Мектеп директоры – Ахатов Нурдаулет Ахатұлы, Арқалық қаласы білім бөлімі басшысының 2023 жылғы 16 қаңтар №10 бұйрығымен тағайындалған.
Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:	**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама** Хабарламаның тіркелген кіріс нөмірі: **KZ11RVK00033269** Лицензияның берілген күні мен уақыты: 24.02.2021 «Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қостанай облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ
Рұқсат беру құжаттары:	Мектеп жарғысы
Материалдарға сілтеме:	
Топтардың саны мен түрі, контингент	57 тәрбиеленушілер МАДТ (5 жаста) 22- тәрбиеленушілер «Бүлдіршін» шағын орталығы «Балдаурен » тобы-15 тәрбиеленушілер «Балбөбек» тобы – 20 тәрбиеленушілер

2 бөлім. Кадрлық құрамға талдау

МЖМБС, МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтердің (100%) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімдері бар.

2024-2025 оқу жылында мектепте 3 тәрбиеші 1 музыка жетекшісі жұмыс істеді. Мектепалды даярлық сыныпта 1 тәрбиеші, шағын орталықта 2 тәрбиеші жұмыс атқарды. Тәрбиешілердің барлығы - еңбек өтілі 5 жылдан жоғары. Қазақ тілінен «Балбөбек» және ортаңғы ,ересек(аралас) «Балдәурен» тобына Дуйсенова Гулсара Саменовна сабақ береді. Мектепалды сыныптарға қазақ тілінен Құлжанова Айнұр Хамитовна сабақ береді.

Даярлық топ тәрбиешілері:

Ахметжанова Гулназ Маликовна білімі жоғары, еңбек өтілі – 14 жыл, 8ай, санаты –педагог-модератор.

Шағын орталық тәрбиешілері:

Букаева Айнур Тюлемисовна, білімі –арнаулы орта, педагог-модератор. 27 жыл, 4 ай .

Мукибаева Нургуль Кенжекеевна , білімі – жоғары, еңбек өтілі - 13 жыл, 4 ай, санаты педагог - модератор.

Музыка жетекшісі: Смагулова Алтынай Таутановна, білімі жоғары, еңбек өтілі 10 жыл, санаты педагог-модератор.

Кадрлардың сапалық құрамы мен сандық құрамы

Оқу жылы	Барлық Тәрбиешілер	Білімі			Біліктілік санаты								Педагогтардың еңбек өтілі					Жас құрамы		
		жоғары	арн.орта	магистр	жоғары	бірінші	екінші	мастер	зерттеуші	сарапшы	модератор	санатсыз	3 ж дейін	3-8 ж д.	8-16 ж д.	16-20 ж.д.	20 ж.жоғ.	55 жасқа дейін	55-58 жас	58 жас. жоғары
2022-2023	5	2	3	0	0	0	3	0	0	0	1	1	0	1	3	0	1	5	0	0
2023-2024	5	2	3	0	0	0	3	0	0	0	1	1	0	1	3		1	5	0	0
2024-2025	4	3	1	0			0	0	0	0	3	1		0	2	0	2	4	0	0
		Жоғары – 75% Орта -25%			Модератор- 75% Санатсыз -25%								Орташа – 10-20 жылдан жоғары					Орташа жас – -55 жасқа дейін		

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы
№3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

Педагогтардың біліктілікті арттыру курсынан өткені туралы мәлімет

№	Педагог Т.А.Ә.	Курс атауы	Мерзімі	Өткен орны
2022-2023 о.ж.				
1	Ахметжанова Майгүл Хамидоллиновна	«Баланы ерте дамыту бағдарлары» № 2b6592894	05.07.2022 жыл	NIS
3	Букаева Айнур Тюлемисовна	«Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалаау» «Шапағат»ББО №00066	17.03.2023жыл	«Шапағат»
	Ахметжанова Гүлназ Маликовна	Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау» №00067 «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» №0693878	17.03.2023ж 17.08.2023ж	«Шапағат» «Өрлеу»
2024-2025 о.ж.				
2	Мукибаева Нургуль Кенжекеевна	«Мектепке дейінгі ұйымның заттық -кеңістік даму ортасын ұйымдастыр» № 0812371	07.10.2024	«Өрлеу»
3	Букаева Айнур Тюлемисовна	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру»	26.03.2025ж	«Өрлеу»

3 жыл ішінде біліктілікті арттыру курсынан өтудегі салыстырмалы талдау

Жылдар	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Курстан өткен педагогтер саны	3- 60%	-	2 - 66%



Барлық тәрбиешілер біліктілікті арттыру курстарынан 100 % , Қостанай қаласында «Өрлеу» БАҰО АҚ базасы, NIS, және «Шапағат» орталығынан өтті. Тәрбиешілер біліктілікті арттыру курстарынан мектептің перспективті жоспарына сай өткізіледі.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау – бұл педагогикалық кәсіптік біліктіліктің деңгейін және қызметтің өнімділігін кешенді бағалау болып табылады. 2022 – 2025 оқу жылында аттестаттаудан өткен педагогтер:

№	ТАӘ	Санаты	Аттестаттау комиссиясының шешімі
1.	Мукибаева Нургуль Кенжекеевна	педагог-модератор	2021жылғы «20» желтоқсан №221 бұйрығына сәйкес шағын орталық тәрбиешісі «педагог-модератор» біліктілік санаты берілді
2.	Ахметжанова Гулназ Маликовна	педагог-модератор	2024жылғы «29» тамыз №246 бұйрығына сәйкес мектепалды даярлық тәрбиешісі «педагог-модератор» біліктілік санаты берілді
3	Букаева Айнур Тюлемисовна	Педагог-модератор	2025жылғы «27» мамыр №181 бұйрығына сәйкес шағын орталық тәрбиешісі «педагог-модератор» біліктілік санаты берілді

2024-2025 оқу жылында шағын орталықта 2 тәрбиеші және мектеп алды сыныбында 1 тәрбиеші, 1 музыка жетекшісі, 2 қазақ тілі мұғалімі жұмыс атқарады. Жоғары білімді мұғалім – 2 (40%), арнаулы орта білімді - 1 (10%)

3 бөлім. Тәрбиеленушілер контингенті
Үш жылдық оқушылар контингенті бойынша мәлімет

Оқу жылы	2022 - 2023		2023 – 2024		2024-2025	
Топ/жасы	Топ/сынып саны	Бала саны	Топ/сынып саны	Бала саны	Топ/сынып саны	Бала саны
2-3жас	1	20	1	25	1	15
3-4 жас	1	25	1	25	1	20
5жас	2	39	2	39	1	22
Барлығы	4	84	4	89	3	57

Жобалық қуаты 80 баланы құрайды. Соңғы 3 жылда шағын орталық тәрбиеленушілердің жалпы саны: 2022 - 2023 – 45; 2023-2024 – 50 бала; 2024-2025– 35 бала.

Соңғы 3 жылда мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілердің жалпы саны: 2022-2023–39 бала ; 2023-2024 – 39 бала; 2024-2025 –22 бала.

Мектебімізде шағын орталықта 2-3 жас аралығындағы бүлдіршіндер кіші топ «Балдәурен» 3-4 жас аралығындағы бүлдіршіндер аралас топ «Балбөбек» топтарға бөлінген. Мектепалды сыныптарына 5 жастағы балалар қабылданды.

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1) 1 қыркүйек - 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі);

Мектепалды даярлық сыныбында тәрбиеленушілер 1 қыркүйектен 25 мамырға дейін оқытылады және оқу жылы барысында белгіленген демалыс уақыттары бар.

Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес дамытудың барлық бағыттарын қамтиды, сыныптағы дамушы орта өзін - өзі қамтамасыз етеді. Даярлық сынып тәрбиеленушілері 1- сыныпқа тұрақты көшеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 3-қосымшасына сәйкес тәрбиеленушіні 1 сыныпқа қабылданғанға дейін балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының физикалық қасиеттерді дамыту дағдылары, коммуникативтік-тілдік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс - әрекетін дамыту, әлеуметтік - эмоционалды дағдыларды қалыптастыру жоспары арқылы жүзеге асырылды.

4 бөлім.. Оқу –әдістемелік жұмыс

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі.

Мектепке дейінгі шағын орталық пен мектепалды сыныптары тәрбиелеу мен білім беру қызметін бөбек жасындағы балаларға және мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларын тәрбиелеу - білім беру қызметін мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі-Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген);

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемелкеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы;

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хат 2023 жыл.

2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі басым бағыттары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде айқындалды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚРДСМ - 76 бұйрығымен «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалар басшылыққа алынып жасалынды.

Ұйымдастырылған іс - әрекет – Қазақстан Репубикасы Білім және Ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспенпеншілікке, мәдени - әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез - құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтың ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастырылған кіріктірілген сабақ түрінде жүзеге асырылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне және музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты - музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі

балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай - ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды мәдениетті қарым - қатынасты игерту жүзеге асырылады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту бағыттар:

-Физикалық дамыту;

-Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

-Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

-Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;

-Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары жыл сайын қалалық білім бөлімінің басшысымен келісіліп, педагогикалық кеңесте қаралып, бекітіледі.

Шағын орталық топтарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі:

2022 - 2023 оқу жылы.

Кіші топ (2 жастан бастап): «Денсаулық» саласы - 3 сағат, дене шынықтыру - 3; «Қатынас» саласы - 1 сағат, сөйлеуді дамыту - 0,5; көркем әдебиет - 0,5; «Таным» саласы - 2 сағат, сенсорика - 0,5; құрастыру - 0,5; жаратылыстану-1. «Шығармашылық» саласы - 3 сағат, сурет салу - 1; мүсіндеу - 0,25; жапсыру - 0,25; музыка - 1,5. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы саны -9 сағатты құрайды.

Ортаңғы топ (3 жастан бастап): «Денсаулық» саласы - 3 сағат, дене шынықтыру - 3. «Қатынас» саласы - 2 сағат, сөйлеуді дамыту - 1; көркем әдебиет - 0,5; орыс тілі - 0,5. «Таным» саласы - 2,5 сағат, математика негіздері - 1; құрастыру - 0,5; жаратылыстану - 1. «Шығармашылық» саласы - 3 сағат, сурет салу - 1; мүсіндеу - 0,25; жапсыру - 0,25; музыка - 1,5; Әлеумет саласы - 0,5 сағат, қоршаған ортамен танысу - 0,5. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы саны - 11сағат, 1 сағат вариативті «Салт дәстүрім –салтанатым»

Ересек топ (4 жастан бастап): «Денсаулық» саласы - 3 сағат,Дене шынықтыру-3. «Қатынас» саласы - 2,5 сағат, сөйлеуді дамыту - 1; көркем әдебиет - 1; орыс тілі - 0,5. «Таным» саласы - 2,5 сағат. Математика негіздері - 1; құрастыру - 0,5; жаратылыстану - 1. «Шығармашылық» саласы- 3,5 сағат, сурет салу - 1; мүсіндеу - 0,5; жапсыру - 0,5; музыка - 1,5; Әлеумет саласы - 0,5 сағат. қоршаған ортамен танысу - 0,5; Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы саны 12 сағат,вариативті компонент 2 сағатты құрайды «Қызықты математика әлемі», «Бояулар патшалығына саяхат»

Мектепалды даярлық сыныптарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі:

2022-2023 оқу жылы:

«Денсаулық» саласы - 3 сағат, дене шынықтыру - 2,5; қауіпсіз мінез-құлық негіздері - 0,5; «Қатынас» саласы - 5 сағат, сөйлеуді дамыту - 1; көркем әдебиет - 1; сауат ашу негіздері - 2; орыс тілі -1. «Таным» саласы - 2,5 сағат: математика негіздері - 1; құрастыру - 0,5; жаратылыстану - 1. «Шығармашылық» саласы - 5 сағат: сурет салу - 1; мүсіндеу - 1; жапсыру - 1; музыка - 2; Әлеумет саласы - 1,5 сағат: өзін - өзі тану - 1; қоршаған ортамен танысу - 0,5. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы саны 17 сағат, вариативті компонент 3 сағатты құрайды.
«Абай-дана,Абай –дара қазақта»
«Ойлайық та,ойнайық»
«Қызықты грамматика»

2023-2024 оқу жылы.

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығының 1 - қосымшасына сәйкес ***Кіші топ*** (2 жас) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру аптасына үш рет. Дене шынықтыру-күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын. Сенсорика күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу күн сайын, мүсіндеу күн сайын, жапсыру - күн сайын, құрастыру күн сайын. Музыка аптасына бір рет, музыка күн сайын.

Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес ***Ортаңғы топ*** (3 жас) үшін ұйымдастырылған ісәрекет: Дене шынықтыру аптасына үш рет. Дене шынықтыру күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын.

Қазақ тілі аптасына бір рет. Қазақ тілі күн сайын. Математика негіздері күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын. Музыка аптасына бір рет. Музыка - күн сайын.

Ересек топ (4 жастағы балалар) үшін ұйымдастырылған іс - әрекет: Дене шынықтыру аптасына үш рет. Дене шынықтыру күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын. Қазақ тілі аптасына бір рет. Қазақ тілі күн сайын. Математика негіздері күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын. Музыка аптасына екі рет. Музыка күн сайын.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 3-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 3 -қосымшасы Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды даярлық сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар) үшін ұйымдастырылған іс - әрекет: Дене шынықтыру - 3 сағат. Дене шынықтыру - күн сайын. Сөйлеуді дамыту - 2, Көркем әдебиет - 2 сағат. Қарым - қатынас іс әрекеті - күн сайын.

Қазақ тілі - 2 сағат. Қазақ тілі-күн сайын. Сауат ашу негіздері - 3 сағат. Қарым - қатынас іс - әрекеті, танымдық іс-әрекет - күн сайын. Математика негіздері - 3 сағат. Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс - әрекеті - күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру - 2 сағат. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс - әрекеті, еңбек іс - әрекеті - күн сайын. Шығармашылық іс-әрекет-1сағат Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру іс-әрекеті-күн сайын. Музыка - 2 сағат. Музыка-күн сайын. Аптадағы нормативтік жүктеме 20 сағатты құрайды.

2024-2025 оқу жылы.

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығының 1 - қосымшасына сәйкес ***Кіші топ*** (2 жас) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру аптасына үш рет. Дене шынықтыру-күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын. Сенсорика күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу күн сайын, мүсіндеу күн сайын, жапсыру - күн сайын, құрастыру күн сайын. Музыка аптасына бір рет, музыка күн сайын.

Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес ***Ортаңғы топ*** (3 жас) үшін ұйымдастырылған іс - әрекет: Дене шынықтыру аптасына үш рет. Дене шынықтыру күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын.

Қазақ тілі аптасына бір рет. Қазақ тілі күн сайын. Математика негіздері күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын. Музыка аптасына бір рет. Музыка-күн сайын.

Ересек топ (4 жастағы балалар) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру аптасына үш рет. Дене шынықтыру күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын. Қазақ тілі аптасына бір рет. Қазақ тілі күн сайын. Математика негіздері күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын. Музыка аптасына екі рет. Музыка күн сайын.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 3-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 3-қосымшасы Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды даярлық сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру - 3 сағат. Дене шынықтыру - күн сайын. Сөйлеуді дамыту - 2, Көркем әдебиет - 2 сағат. Қарым-қатынас іс әрекеті - күн сайын. Қазақ тілі - 2 сағат. Қазақ тілі - күн сайын. Сауат ашу негіздері-3 сағат. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет - күн сайын. Математика негіздері - 3 сағат.

Танымдық іс -әрекет, зерттеу іс-әрекеті - күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру - 2 сағат. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті-күн сайын. Шығармашылық іс-әрекет - 1 сағат Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру іс-әрекеті - күн сайын. Музыка - 2 сағат. Музыка-күн сайын. Аптадағы нормативтік жүктеме 20 сағатты құрайды.

Шағын орталықта «Балдәурен» кіші топта – 15 тәрбиеленуші, «Балбөбек» аралас топта – ортаңғы топта-9,ересек топта -11 тәрбиеленуші.Мектепалды сыныбында 22 тәрбиеленуші тәрбиеленуде.

2) **білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;**

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылды: «Балдәурен» кіші топ -2 жастағы балалар;«Балбөбек» ортаңғы топ – 3 жастағы балалар; - «Балбөбек» ересек топ – 4 жастағы балалар;
Мектепалды сыныптары А – 5 жастағы балалар.

Педагог балаға: ненің «дұрыс» және ненің «бұрыс» екенін түсінуді; сыпайы және мейірімді болуды; дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді; қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді; тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді; қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды; физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды; өзі ойнауды; ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа; ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды; өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) «Балбөбек» тобында Физикалық қасиеттерді дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылды. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-

әрекеттері арқылы жүзеге асырылды. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылды.

Ересек топ (4 жастағы балалар) «Балбөбек» тобында Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады. Әлеуметтік - эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Мектепалды сынып (5 жастағы балалар). Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекет саны 20 сағатты, мектепалды сынып жасындағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минутты құрайды. Мектепке дейінгі ұйымдардағы мектепалды топтарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады. Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры тәрбиеленушілердің қазақ тілінде ауызекі байланыстырып сөйлеуін түрлі балалар әрекетінде дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту үшін қолданылады.

Тәрбиелеу - білім беру процесі перспективалық жоспарға; циклограммаға; бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылды.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жасап, бекіттірді. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалды. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде топтардың кестесіне сәйкес жүргізілетін дене шынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған

іс-әрекеттері толтырылды. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылды және іске асырылды.

Циклограмма әр аптаға құрылды, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, топтарда күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылды.

Мектеп жанындағы шағын орталықта тәрбиеленушілердің жақсы демалуына, сапалы тәрбие алуына барлық жағдай жасалған, шағын орталық бөлмелері мен оқу кабинеттері жабдықталған. Шағын орталықта «Балдәурен» кіші тобы жарты күн жұмыс жасайды,толық күнмен жұмыс жасайтын «Балбөбек» ортаңғы тобы, «Балбөбек» ересек тобы аптаның бес күндік тәртіппен, күнделікті таңертең 08^{30}-18^{00}-ге дейін 10 сағат жұмыс істейді.

3) **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары сақтау;**

Шағын орталықта жас ерекшеліктеріне қарай кіші топта 15; ортаңғы және ересек (аралас) топтарда – 20; мектепалды даярлық сыныптарында –22 тәрбиеленуші бар.

«Физикалық қасиеттерді дамытуды» іске асыру бойынша балалардың денсаулық сақтау технологиясын қолданып, ойындар мен жаттығулар арқылы дене шынықтыруға қызығушылықты, қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыруда спорттық құрал-жабдықтар: (кегл жиынтығы-3, доптар, шығыршықтар, пластмасса гантелдер, т.б.), қимылды ойындар жиынтығы-31, ағаштан жасалған гимнастикалық қабырға-1, гимнастикалық қабырғаға арналған саты-2, едендегі гимнастикалық ағаш-1, гимнастикалық орындық-2, тартылуға арналған арқан-1, массажды жол-2, ұзын, қысқа түрлі түсті лента4, балалар шығыршығы-8, гимнастикалық таяқ-8, секіргіш-12, түрлі түсті жалау-10, ұзын, қысқа жіп-2, гигиеналық жабына бар спорттық матрас-12, допқа арналған себет-1, балалар кедергілер жолағы-1, өрмелеуге арналған арқан-1, денсаулық жолы-1, ысқырық - 6,скалка-20, құмсағат-1, массаж добы-1. шариктер жиынымен құрғақ бассейн - 1. Денсаулық бұрышы бар.

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту» бойынша балалардың коммуникативтік біліктері мен дағдыларын дамытуда және қарым-қатынас жасауын қалыптастыруда дидактикалық ойындар және атрибуттары, қуыршақ театрлары, сюжеттік, тақырыптық суреттер, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер жинақтары, әр түсті магниттер ағаш санамақтар,менің бақшам дидактикалық жинағы, т.б. жинақталған. Оқу-әдістемелік құралдар, суретті кітапшалар, ертегі

кітапшалар, «Жануарлар» бұрышы, жануарлар мүсіні, ертегі кейіпкерлерімен жабдықталған. Сонымен қатар түрлі көрнекіліктер, логикалық блок, сюжетті-рөлді ойындар жеті лақ ертегісі,қызыл телпек ертегісі, қима суреттер, көкөністер мен жемістердің нақ
пішіндері, баспа әріптер, дидактикалық ойындар жиыны бар. Балаларға арналған кітап бұрыштары барлық топтарда жабдықталған. Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау ұйымдастырылды. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік берілді.

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» бойынша геометриялық пішіндер жиынтығы, түрлі пішіндегі заттар бейнеленген суреттер жиынтығы, геометриялық жазық пішіндер жиынтығы, сандар кассасы, 1 ден 10 ға дейінгі сандары бар карточкалар жиынтығы, санау таяқшалары, сандарды үйретуге арналған кілемше, кубиктер, пазлдар, магнитті сандар бар. Тәрбиеленушілерді дамыту үшін конструкторлар, әр түрлі қарапайым математикалық ұғымдарды игеруге арналған материалдар, баспа әріптер, сандар, сөздер, кестелер, жануардар туралы иллюстрациялық басылымдар, өсімдіктер әлемі, балалар журналдары, альбомдар, суреттер есептеу таяқшалары бар.

«Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша үлестірмелі - дидактикалық материалдармен толығымен жабдықталған. Бейнелеу өнеріне арналған креативті жиынтық, гуашь бояулар жиынтығы, оригамиге арналған түрлі-түсті картондар мен түрлі-түсті картон қағаздар, мүсіндеуге арналған тақтайшалар, қарандаштар, желімдер, балаларға арналған қайшылар, ермексаздар, сулы майлықтар, сурет салуға арналған альбомдар, акварельді бояулар жиынтығы, акварельді қылқаламдар, мүсіндеу жұмыстарын қоюға арналған подиум, әртүрлі трафареттер, музыкалық аспаптар: домбыра, музыкалық орталық бар.

«Әлеуметтік - эмоцианалды дағдыларды қалыптастыру» бойынша балаларды қоршаған ортамен таныстыру негізінде, әлеуметтік дағдыларын дамыту және қалыптастыруда сюжеттік-рольдік ойындардың жиынтығы, жол ережелері, жемістер мен көкөністер, ойындарға атрибуттар, үлкендер еңбегімен таныстыруға бағытталған дидактикалық ойындар, ойыншық жиһаздар, техникалық заттар, ыдыстар, қуыршақтар, жануарлар, түрлі театрлар: қуыршақ, саусақ, үстел үсті театрлар жинақталған.

«Табиғат» бұрышында гүлге арналған тұғыр, бөлме өсімдіктері қойылған. Жыл мезгілдері, өсімдіктер мен жануарлар, мемлекеттік рәміздер, ұлттық костюмдар, тұрмыстық заттар көрнекілік суреттері, түрлі қоршаған орта жайлы дискілер бар. Ересек топта қазақы бұрыш жабдықталған.

Топтарда білім беру дағдыларын дамыту бойынша ортаны жабдықтау барысында эстетикалық талаптар сақталған, құралдар балалардың жас ерекшелігіне байланысты қолжетімді жерде орналасқан.

4.2 Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшем шарттар

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Шағын орталықтың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі:

2024-2025 оқу жылы:

Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру аптасына үш рет. Дене шынықтыру күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын.

Қазақ тілі аптасына бір рет. Қазақ тілі күн сайын. Математика негіздері күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын. Музыка аптасына бір рет. Музыка-күн сайын.

Ересек топ (4 жастағы балалар) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру аптасына үш рет. Дене шынықтыру күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын. Қазақ тілі аптасына бір рет. Қазақ тілі күн сайын. Математика негіздері күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын. Музыка аптасына екі рет. Музыка күн сайын.

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру - 3 сағат. Дене шынықтыру - күн сайын. Сөйлеуді дамыту - 2 сағат. Көркем әдебиет - 2 сағат. Қарым-қатынас іс-әрекеті -күн сайын. Қазақ тілі-2 сағат. Қазақ тілі-күн сайын. Сауат ашу негіздері-3 сағат. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет-күн сайын. Математика негіздері-3 сағат. Танымдық ісәрекет, зерттеу іс-әрекеті-күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру - 2 сағат. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті-күн сайын. Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру-1 сағат. Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті-күн сайын. Музыка- 2 сағат.

Музыка-күн сайын. Аптадағы нормативтік жүктеме 20 сағатты құрайды.

4.2 Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі» КММ шағын орталығы мен мектепалды даярлық тобының тәрбие-білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҮОЖ) және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

Шағын орталыққа балалар қабылдау «INDIGO» порталы арқылы жүргізіледі. Ата-аналар электронды жүйе арқылы өздері жолдама алады. Қажетті құжаттар тізімдемесі: баланың туу туралы куәлік көшірмесі, форма 026/у-3 баланың денсаулық паспорты, баланың денсаулығы туралы анықтама, ата-анасының жеке куәлігінің көшірмесі.

Тәрбиеленушілердің бұйрық кітабы. Кітаптар тігілген, нөмірленген, мектеп басшысының мөрі мен қолы қойылып бекітілген.

2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың жаңартылған мазмұнын енгізу жүзеге асырылды:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
4) сабақтастық принциптері, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылды. Оқу жұмыс жоспарлары бес күндік оқу аптасына бөлінген.

5 бөлім. Оқу- материалдық активтер

Арқалық қаласында орналасқан «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Б.Майлин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ 1962 жылдан жұмыс жасап келеді. Құрылыс ауданы – 1888,2. Ғимараттың ауқымы - 12739 кв.м. Жалпы алаңы – 3134,1 кв.м. Шағын орталық ауқым –165,2 кв,м.

Мектептің материалдық техникалық базасы білім беру стандартына сай оқу бағдарламасында қарастырылған жоспарды орындауға толық мүмкіндік жасалған. Бұл негізгі білім берудегі бағдарламалар лицензия талаптарына сәйкес.

Яғни, мектептің материалдық базаны нығайту жұмыстарын жүргізіліп отырылады. Сондай-ақ мектептің заңды мекеме екені расталған.

Мектептің жылу жүйесі орталықтандырылған. Мектептің орташа ауа температурасы + 20 С. Мектеп ғимаратына санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар, ол нысан санитарлық нормаларға сәйкес келеді. ТЖ нормалары бойынша кемшіліктер жоқ. (СЭС, ТЖ қорытындылары,

бейнебақылау камераларына қызмет көрсетуге арналған шарт, тамақтану жөніндегі құжаттар қоса беріледі).

Ғимарат ішіндегі бөлмелерде оқу үстелдері мен оқу тақталарының орналасу ара қашықтықтары, бөлме жарығы, санитарлық талаптарға сай, света диод лампалармен қамтамасыз етілген.Жатын бөлмелерде екі қатарлы балалар тақтасы ара қашықтықтары сақтала отыра қойылған бөлме жарығы, санитарлық талаптарға сай. Ойын залының ауқымы-65,1 кв, м. Жатын бөлме-49,6 кв,м Топтарға арналған әжетхана және қол жууға арналған орындар талапқа сай жабдықталған.

Электр - су жүйесі орталықтандырылған, канализация жүйесі бар. Су тәртібі, тәрбиеленушілерге сүзгіден өтілген суды пайдалануы қадағаланады. Мектепте автоматты өртке қарсы хабар беру дабыл жүйесі орнатылған. Мектептің екі қабатында да эвакуация жоспары бар. Оқушылардың қауіпсіздігін арнайы күзет фирмасы қамтамасыз етеді. Ол фирмамен 2025 жылдың басынан бастап келісім шарт жасалған. Мектеп ғимаратында 32 бейне бақылау камералары орнатылған, оның 12-і ғимараттың сыртында, 20–і ғимараттың ішінде орналасқан. Дабыл түймесі жұмыс істейді.

Бейнебақылау және дабыл түймесі орталықтандырылған жедел басқаруға қосылған.

Мектепте медицина кабинеті бар, талапқа сай жабдықталған, лицензияланған. Медициналық бақылаудан барлық тәрбиешілер және кіші қызметкерлер ұжымы уақытында өткен.

Мектеп медбикесі Ерназимова Толқын Салимжановна осы аталған мектепте 3жыл қызмет етуде, Арқалық медицина училищесін 1995 жылы аяқтаған. Медицина қызметкерлеріне профилактикалық екпе жасауға рұқсат беру: Куәлігі №9 2021 ж 15 қаңтар күні берілген. 2026 жылдың 15 қаңтарына дейін жарамды.

Шағын орталық топтары және мектепалды даярлық сыныптары жиһаздармен қамтамасыз етілген. /4-қосымша/

№	Атауы	Топтардың толымдылығына байланысты саны				
		Өлшем бірлігі	Бөбекжай жасы (ерте жас, 2 кіші топ)	Мектепке дейінгі 3 жас (орта топ)	Мектепке дейінгі 4 жас (ересек топ)	Мектепке дейінгі 5 жас (мектепалды топ)
	Топтық жабдықтар және жиһаз					
1	Ыдыстарға арналған шкаф	дана	1	1	1	
2	Жуыну құралдарына арналған шкаф	дана	1	1	1	
3	Сүлгіге арналған ілгіш	дана	4	4	4	4
4	Киімге арналған шкаф	дана	1	1	1	1

5	Арнайы киімге арналған ілгіш	дана	1	1	1	1
6	«Ромашка» стол орындығымен	дана	1	1	1	
7	Балаларға арналған 4 секциялы шкф	дана	13	13	13	
8	Балалар партасы 1 адамдық	дана	6	6	6	
9	Балалар партасы 2 адамдық	дана	7	7	7	13
10	Балалар орындығы	дана	25	25	25	26
11	Балаларды киіндіруге арналған стол орындығымен	дана	1	1	1	1
12	Жиегі бар айна	дана	1	1	1	1
13	Шаңсорғыш	дана	1	1	1	
14	Тұрмыстық термометр	дана	3	3	3	1
15	Үсті үстіне қойылған екі қабатты тақта	дана	13	13	13	
16	Жазу столы	дана	2	2	2	1
17	Балалар матрасы	дана	50	50	50	
18	Балалар жастығы	дана	50	50	50	
19	Балалар жастық тысы	дана	50	50	50	
20	Балалар ақжаймасы	дана	50	50	50	
21	Балалар көрпесі	дана	25	25	25	
22	Балалар жаймасы	дана	50	50	50	
23	Балалар майлығы	дана	50	50	50	
24	Топтық бөлмеге арналған кілем	дана	1	2	2	
25	Жатын бөлмеге арналған кілемше	дана	1	1	1	
26	Топтағы терезелерге арналған перделер	дана	11	11	11	3
27	Кірді жібітуге арналған арба	дана	1	1	1	
28	Кірді тасуға арналған арба	дана	1	1	1	
29	Тұрмыстық кір жуу машинасы	дана	1	1	1	
30	Кірге арналған стеллаж	дана	1	1	1	
31	Үтіктеу тақтасы	дана	1	1	1	
32	Тұрмыстық үтік	дана	1	1	1	
33	Телевизор	дана	1	1	1	

6 бөлім. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Кітапхана қорында Алматы кітап баспасының Қоршаған ортамен танысу5+, Көркем әдебиет жұмыс дәптері №1, 2; математикалық жазулар жұмыс дәптері №1, 2; математика негіздері. Жұмыс дәптері №1,2; сауат ашу негіздері. Жұмыс дәптері №1,2-22 данадан. Жапсыру үлестірмелі материалдар 5+;құрастыру үлестірмелі материалдар 5+, мүсіндеу үлестірмелі материалдар5+;сурет салу үлестірмелі материалдар - 25 данадан бар. Балаларға арналған ертегі кітапшалар,әңгімелер жинақтары және балаларға арналған дидактикалық кітаптар бар.

2022-2025 оқу жылындарында тәрбиешілердің байқауларға қатысуы

№	Педагогтың аты-жөні	Тақырыбы	Нәтижесі
2022-2023оқу жылы			
Облыстық			
3	Ахметжанова Г.М	«Өлеңім -өмірімнің айнасы» көркемсөз байқауы	Мадақтама 2023 жыл
Республикалық			
6	Букаева А.Т	«Көктем келгенде» онлайн сайысы	Алғыс хат. 2022ж
7	Букаева А.Т	«Менің мамандығым тәрбиеші»онлайн байқауы	I дәрежелі орын диплом 2022ж
8	Букаева А.Т	«Үздік балабақша тәрбешісі» онлайн байқауы	I дәрежелі диплом 2022ж
9	Мукибаева Н.К	«Қазақстанның Тәуелсіздік күні» мен «Қыс-ғажайыптар әлемі»атты Республикалық онлайн сайысы	Алғыс хат 2023ж
10	Ахметжанова Г.А	«Жаңа жыл-жаңа қадам» республикалық байқау	Диплом 2023ж
	Ахметжанова Г.А	«Үздік тәрбиеші» онлайн блиц турнирі	II дәрежелі диплом
	Ахметжанова Г.А	«Үздік балабақша тәрбиешісі»қашықтық олимпиадасы	I дәрежелі диплом 2022ж
		Халықаралық	
	Мукибаева Н.К	«Шебер тәрбиеші» байқауы	I дәрежелі диплом 2022 ж
		«Бақытты балабақша»	I дәрежелі диплом 2022 ж
2023-2024 оқу жылы			
Республикалық			
12	Букаева А.Т	«Ілияс оқулары»онлайн байқауы	Құрмет грамотасы2024ж
13	Мукибаева Н.К	«Бояулар құпиясы-ертегілер Әлемі»	Құрмет грамотасы 2024 ж
14	Мукибаева Н.К	«ART FEST 2024»	Алғыс хат 2024 ж
15	Ахметжанова Г.М	«Мақатаев оқулары» республикалық байқау	Алғыс з
		«Қыс сиқыры» республикалық байқау	
2024-2025 оқу жылы			
Республикалық			
16	Букаева А.Т	«Абай оқулары» Зейінді бала журналы	Алғыс хат. 2025ж
17	Букаева А.Т	«Мақатаев оқулары»Зейінді бала журналы	Алғысхат 2025ж

Тәрбиешілердің ғылыми-әдістемелік республикалық журналдарда, облыстық газеттерде, әдістемелік сайттарда жариялануы:

№	Тақырыбы	Әдістемелік журнал атаулары	Тәрбиешілер	Мерзімі
1	«Көлік түрлері »сабақ жоспары	«Ұстаз мұрасы»журанлының№58-1	Букаева А.Т	2025ж
2	«Мектеп жасына дейінгі балаларды ойлау қабілетін дамыту арқылы дербестікке тәрбиелеу» мақала	Іскер ұстаз. журналының №52	Букаева А.Т	2025 ж
3	«Балалардың ойлау қабілетін ойын арқылы дамыту»	Кеменгер ұстаз	Ахметжанова М.А	2022ж

2022-2025 оқу жылдарының қорытындысы бойынша тәрбиеленушілер республикалық –байқауларға 43 бүлдіршін, – 1, II,III орын иеленген. Атап айтсақ, Шығармашылық бағытта Республикалық қашықтық Кенгуру олимпиадасына 1 тәрбиеленуші қатысып жүлделі орындарға ие болды. Республикалық «Абай оқулары», «Мұқағали мұрасы»» Ілияс оқулары», «Мақатев оқулары», «Бояулар құпиясы», «Қыс сиқыры», «FRT FEST», «ART FEST» сынды әр түрлі жанрлар бойынша тәрбиеленушілер қатысып, нәтижесінде 1, 2,3 - орын иеленді.

Тәрбиеленушілердің қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық байқауларға қатысуы

Педагогтар жетекшілігімен мектепке дейінгі ұйымның бүлдіршіндері халықаралық, республикалық, қалалық байқауларға қатысып, өз өнерлерімен ерекшеленіп белсене қатысып, жүлделі орындардан көріне білді.

	2022-2023 оқу жылы:			
Байқау атаулары	**Тәрбиеленуші аты –жөні**	**Тақырыбы**	**Мерзімі**	**Нәтижесі**
	Республикалық			
Қашықтық байқау		«Көктем келді»мәнерлеп оқу		
	Бақыт Ақтөре		2022ж	II орын
Қашықтық байқау	Бақыт Ақтөре	«Көктем келді»сурет байқауы	2022 ж	I орын
Қашықтық байқау	Антон Нұрай	«Мұқағали -табиғи жыр»	2023ж	I орын
Қашықтық байқау	Мейрамбекқызы Бегім	«Мұқағали -мұрасы»	2023ж	I орын

2023-2024 оқу жылы:				
Қалалық				
Қашықтық байқау	Антон Сабина	«ART FEST»байқауы	2024 ж	IIорын
Қашықтық байқау	Антон Сабина	«FRT FEST»	2024 ж	IIорын
Қашықтық байқау	Байжанова Айзера		2024 ж	II орын

	Бақыт Ұлан		2024ж	IIорын
Қашықтық байқау	Асылханұлы Аян	«Ілияс оқулары»	2024 ж	I орын
	Тұрғынбай Ерасыл		2024ж	Iорын

2024-2025 оқу жылы:				
		Республикалық		
Қашықтық байқау	Бердеш Сағынай	М.Мақатаев	2025ж	Iорын
	Асылханұлы Аян		2025ж	Iорын
	Агтаиева Аянат		2025ж	Iорын
			2023ж	Iорын
			2023ж	Iорын
Қашықтық байқау	Агтаиева Аянат	«Абай оқулары»	2025ж	Iорын
	Асылханқлы Аян		2025ж	Iорын
	Күйкентай Айсәуле		2025 ж	Iорын
	Талғат Айару		2023ж	Iорын
	Серік Жаннұр		2023ж	Iорын
	Асылбек Нұржігіт		2023ж	Iорын
	Русланұлы Руслан		2023ж	Iорын
	Арғынғазы Аяла		2023ж	Iорын
	Сәндібек Аниса		2023ж	Iорын
Қашықтан байқау	Күйкентай Айсәуле	«Бояулар құпиясы-ертегілер әлемі »	2024ж	I орын
Қашықтан байқау	Серік Әбдрахман		2024 ж	
Қашықтан байқау	Жұмабай Аянат		2024 ж	
Қашықтан байқау	Қозыбай Әли		2024 ж	
Қашықтан байқау	Бердеш Сағынай		2024 ж	
Қашықтан байқау	Рамел Аружан	ART FEST 2024	2024 ж	
Қашықтан байқау	Антон Сабина		2024 ж	
Қашықтан байқау	Байжанова Айзере		2024 ж	
Қашықтан байқау	Бақыт Ұлан		2024 ж	
Қашықтан байқау	Балташ Сезім		2024 ж	
Қашықтан байқау	Қайырбек Шырын		2024 ж	
Қашықтан байқау	Сәлімғазы Аяла	«Қыс сиқыры»		
Қашықтан байқау	Жанат Жантөре		2024ж	I орын
Қашықтан байқау	Мұқаш Айзере		2024ж	I орын
Қашықтан байқау	Ғарифоллақызы Малика		2024ж	I орын
Қашықтан байқау	Тұрар Жанерке	«Мақатаев оқулары»	2024ж	I орын
Қашықтан байқау	Мырзаберген Асылхан		2024ж	IIорын
Қашықтан байқау	Жалғасбай Аиша		2024ж	I орын
Қашықтан байқау	Мақсұт Мейіржан		2024ж	I орын
Қашықтан байқау	Садырағзам Кәусар		2024ж	I орын
Қашықтан байқау	Жалғасбай Айша		2024ж	I орын
			2024ж	I орын
Қашықтан байқау	Мырзаберген Асылхан	«Кенгурумен бірге ойлан»	2025ж	II орын

2022-2025 оқу жылдарының қорытындысы бойынша тәрбиеленушілер республикалық - 43, 1, II,III орын иеленген. Атап айтсақ, Шығармашылық бағытта Республикалық қашықтық байқауларға 43 тәрбиеленушілер қатысып

жүлделі орындарға ие болды. Республикалық «Абай оқулары», «Бояулар құпиясы» «Мақатаев оқулары» «Жансүгіров оқулары», «Ғажайып қыс», «ART FEST» « сынды әр түрлі жанрлар бойынша тәрбиеленушілер қатысып, нәтижесінде 1, 2,3-орын иеленді.

7 бөлім.. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшем шарттар:

- баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы (мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері қоса беріледі). Білім беру процесінің тиімділігі, сондай - ақ мектептегі баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін тәрбиешілер диагностика негізінде Типтік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізеді (бастау - қыркүйекте, аралық - қаңтарда және қорытынды-мамырда). Мониторинг мақсаты: - баланың жетістіктерін бақылау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау. Нәтижелер "бақылау парағында" толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасында "түзету іс-шаралары" бөлімінде балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандардың осы диагностика қорытындылары бойынша баланың одан әрі дамуы бойынша іс-шаралар өткізіледі.

Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа педагогикалық қызметкерлермен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады. Мектепалды

даярлық сыныбы оқушыларының жеке даму карталары жылдар бойынша ұсынылған.

Мектепке дейінгі топтардың барлығында әр тәрбиеленушіге жеке даму картасы толтырылды.

(Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің жеке даму карталарының көшірмелері қоса беріледі)

Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы мониторингінің) нәтижелерінің болуы және талдауы; Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі " КММ – де баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес мектепалды сыныптағы және шағын орталықтағы балалардың дағдыларын дамыту мониторингі ұйымдастырылды. Балалардың іскерліктері мен дағдыларын дамыту мониторингі барысында Даму деңгейлеріне сәйкес күтілетін нәтижелер түрінде үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша игеруге жататын білім, іскерліктер, дағдылар мен құзыреттер көлемі айқындалады. Мемлекеттік стандарттарға сәйкес балалардың даму деңгейін қадағалау баланың жетістіктерін мониторингтеу негізінде жүзеге асырылады және 3 деңгейдің болуын болжайды:

1 деңгей-бала белгілі бір әрекеттер мен білімдерді қайталайды;

2 деңгей-бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие;

3 деңгей - бала өзі білетін және білетін нәрсені қолданады, білімді өз бетінше және шығармашылықпен қолданады. Диагностика оқу жылының басында, ортасында және соңында жүргізіледі.

7.1) Бастапқы диагностика нәтижелері:

2022-2023 оқу жылы: Мектепалды даярлық сыныбында үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша балалардың дамуының бастапқы мониторингіне 39 тәрбиеленуші қатысты. Бақылау нәтижесінде анықталды:

-деңгейі жоғары балалардың үлесі-15, бұл 37%;

- деңгейі орташа балалардың үлесі -13, бұл 32%;

- деңгейі төмен балалардың үлесі -11, бұл 31% құрайды

Шағын орталық топтарында үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша балалардың дамуының бастапқы мониторингіне 45

тәрбиеленуші қатысты.

Бақылау нәтижесінде анықталды:

«Балдәурен» кіші топ 2 жас 20 бала қатысып

- 1 деңгейі жоғары - 16, бұл 80%;
- 2 деңгей орташа - 4, бұл 20%

- 3 деңгей төмен– 0, бұл 0%

«Балбөбек» ортаңғы топ 3 жас 7 бала қатысып

- 1 деңгейі жоғары - 4, бұл 60%;
- 2 деңгей орташа - 2, бұл 25%
- 3 деңгей төмен – 1,бұл 15%

«Балбөбек» ересек топ 4 жас 18 бала қатысып

- 1 деңгейі жоғары - 9, бұл 46%;
- 2 деңгей орташа - 7, бұл 41%
- 3 деңгей төмен – 2 бұл 13%

Шағын орталық бойынша:

- I деңгейі жоғары балалардың үлесі - 29, бұл 63%;
- II деңгейі орташа балалардың үлесі - 13, бұл 28%;
- III деңгейі төмен балалардың үлесі - 3, бұл 9 % анықталды.

2023-2024 оқу жылы: Мектепалды даярлық сыныбында үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша балалардың дамуының бастапқы мониторингіне 39 тәрбиеленуші қатысты.

Бақылау нәтижесінде анықталды:

- I деңгейі жоғары балалардың үлесі - 12, бұл 30%;
- II деңгейі орташа балалардың үлесі - 20, бұл 50,%;
2022-2023 оқу жылында әр тоқсан бойынша 5- 11 сынып оқушыларынан «Тұрмыстық және физикалық зорлық-зомбылық профилактикасы» бойынша жасырын сауалнама және «Кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу» бойынша жасырын сауалнама жүргізілді. Оқу жылы басында оқушыларға Қостанай өңірлік орталықтан келген «Сенім телефоны» парақшалары таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді жыне ата-аналарға үн парақтар, видеолар ватсап желілері арқылы таратылды.Сонымен қатар жалпы ата-аналар жиналысында осы тақырыптар төңірегінде слайдпен баяндама жасалды.

«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Психологиялық қолдау және қосымша білім беру өңірлік орталығы» КММ-нің 2023 қаңтарындағы №32 хатының негізінде «Біріңғай облыстық жалпы ата-аналар» жиналысы өткізілді. Мақсаты: Кәмелетке толмағандарға қатысты суицидтік мінез-құлық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» Жиналыстың соңында ата-аналарға жаднамалар таратылды.

Жас мамандар апталығында «Жақсы көңіл күй-жан азығы!» тақырыбында психологиялық қолдау мақсатында тренинг өткізілді. Тренинг танысу жаттығуымен басталды. «Сіз қандай мұғалімсіз?» тақырыбында қызықты сұрақтар қойылды, бастарынан кешкенқызықты сәттерімен бөлісті.

Қаңтар айында ата-аналармен Community Power: «жастардың суицидімен жұмыс істеу бойынша қоғамдастықтардың әлеуетін нығайту» жобасының тренингі өткізілді. QPR-тәсілі бойынша күйзеліске түскен жақын адамдарына көмек беру, суицидтің алдын-алу әдістерін слайд арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Соңында тренинг жаттығулары жүргізілді.

Ақпан айында 7 сынып оқушыларымен өтпелі кезеңдегі мінез-құлықты дұрыс қалыптастыру мақсатында психологиялық тренинг өткізілді. Тренинг барысында 13-15 жас аралығындағы жасжеткіншектердің мінез-құлқында өзгерістер болатынын айтып түсіндірме жүргізілді. Сонымен қатар бірнеше психологиялық жаттығулар жүргізілді.

6 «А» сынып жетекшісі Б.Мәлікпен бірлескен түрде дастархан басында кофе брейнг форматында ата-аналармен жиналыс өткізілді. Ата-аналар бала тәрбиесінде кездесетін қиындықтарын айтып, өз пікірлерімен бөлісті.

Ата-аналарға «Сенім телефоны» парақшаларын, бейнежазбалар, жаднамаларды ватсап желісі ақылы таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырды.

-11 сынып аралығында «Өмір құндылықтар» тақырыптар аясында сынып сағаттар өткізілді. Мақсаты: оқушылардың өмірге деген қызығушылықтарын арттыру, алдарына мақсат қоя білу.

Әр сыныптың оқушыларымен "Құм терапиясы" әдістемесімен жұмыстар жүргізіліп отырды. Мақсаты: құм терапиясында қиял, көрнекі-бейнелік ойлауды,сөздік-логикалық ойлауды,шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

11 сынып оқушыларымен «Өз күштеріңе сен!» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың өзі-өзін бағалауды жоғарлату, коммуникативті дағдыларын әрі қарай өрбіту, кез келген қиындыққа басқа көзбен қарап, өз мақсаттына жетуді көздеуге үйрету. Оқушыларға өмірде кездесетін қиындықтарды дұрыс қабылдап, шешу жолдарын көздеу керектігін айта отырып түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар бірнеше жаттығу түрлері жүргізіліп, кері байланысқа шығып отырды. Соңында «Армандар картасы» жасатылды, түлектер бір-біріне тілектерін білдірді.

Желтоқсан айында психологтар әдістемелік отырысында кәмелеттік жасқа толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бйынша
1 тоқсанда алынға жасырын саулнама қорытындысы бойынша жүргізілген жұмыстар негізінде баяндама оқылды.

Ақпан айында Қостанай өңірлік орталық мамандары өткізген (офлайн форматында) семинарда «QPR-Технологиясы бойынша балалар мен жасөспірімдердің аутодеструктивтік мінез –құлықтың алдын алу бойынша педагог-психологтың жұмысы» тақырыбында баяндама оқылды.

2022-2023 оқу жылының жылдық жұмысын қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар жүзеге асырылса, психологиялық қызыметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынандай жағдайда көруге болады: психолог пен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту-тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас бір тұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен қарым-қатынасты нығайтса, біріккен жұмыстардың жүйесі өз нәтижесін береді деген ойдамын. Алағы уақытта кеткен кемшіліктер, толықтырылмаған жұмыстар ескеріледі.

Мектеп психологының 2023-2024 оқу жылында жүргізген іс-шаралар есебі:

2023-2024 оқу жылына арналған мектеп педагог-психологының жылдық іс- шара жоспары жасалып бекітілді. Мақсаты: Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, тұлғааралығын өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

Психологиялық диагностика
Мақсаты: Тұлғаның жеке және ерекшеліктерін, сондай – ақ тұлға аралық өзара ерекшеліктерін зерттеу
Психологиялық профилактика
Мақсаты: тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау**.**
Психологиялық түзету – дамыту жұмысы
Мақсаты: оқушының психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.
Психологиялық консультация, кәсіби кеңес жүргізу
Мақсаты: Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету.
Психологиялық білімді көтеру
Мақсаты: Психологиялық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру.

2023-2024 оқу жылының инклюзив оқушыларының тізімі жасалып, ПМПК-мен тізім салыстырылды. Мектебімізде барлығы 24 инклюзив оқушы бар, нарушение речи-4, көру қабілеті нашар-2, ЗПР-15, НОДА-2, ФНР-1. Қыркүйек айында 1 оқушы Астанаға, 1оқушы Бөкейхан орта мектебіне ауысып кетті. 5 сәуір күні ПМПК-дан 13 оқушы тексерістен өткізілді, оның ішінде 4 оқушы жасына сәйкес білімді меңгермегендіктен сынып жетекшілері ата-анасының келісімімен, 9 оқушы қайталап өткізілді.

Жоспарға сүйене отырып, қыркүйек-қазан айларында 1- сыныптың мектепке даярлығын бағдарлау, ұсақ-қол моторикасын дамытуға бағытталған жаттығулар, «Керн Йерасектің «Ер адамның суретін салу», «Сөздер көшірмелері», «Нүктелер көшірмесі» әдістемелерімен зерттеу жұмыстары жүргізілді.
1 «А» сыныбында барлығы –19 оқушы, оның қызы – 7, ұл –12. Сынып жетекшісі – Тойбазарова М.А

1 «Б» сыныбы**нда** барлығы –19 оқушы, оның қызы – 6, ұл –13. Сынып жетекшісі –Жүзбай Г.С Оқушылардың партада отыруы, сабақ үстіндегі тыныштық сақтау жағдайлары қалыпты. Яғни зерттеу барысында сыныптағы оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсы екені анықталды.

Қорытындылай келе, 1 сынып жетекшілері мен ата-аналар

Сыныбы	**Зерттеуге қатысқан оқушылар саны**	**Мектепке дайындық деңгейі**		
		Ортадан жоғары	**Орта**	**Төмен**
1 «А»	19	17 оқушы - 65%	3 оқушы - 15%	-
1 «Б»	19	12 оқушы - 63%	7 оқушы - 36 %	-

бірлесіп, төмен ұпай алған оқушылармен жекелей жұмыстар жүргізу, тілдерін дамыту, ақыл-ой қабілеттерін одан әрі дамытып, логикалық тапсырмалармен көбірек жұмыс жүргізуді күшейту қажеттігі жайлы психологиялық кеңес берілді. Сонымен қатар, оқушылардың зейінін дамыту үшін көптеген көрнекіліктермен сабақтар өткізу олардың қабылдауын және есте сақтауын арттыру туралы сынып жетекшілермен әңгіме, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Әрі қарай жұмыстар жүргізілу үшін, ұсыныстар берілді.

5 «А» сыныбында 19, 5 «Б» сыныбында 18 оқушы бар, барлық оқушы саны 37. Бастауыш сыныптан орта буынға келген 5 сынып оқушыларымен орта буынға бейімдеу мақсатында психологиялық тренинг жаттығулары жүргізілді. HR-жүйесі бойынша «Социометрия» әдістемесі алынды. Зерттеу барысында психо-эмоционалды жағдайларын анықтау мақсатын анықтау мақсатында жүргізілді. Сынып оқушылары арасында оқшауланған оқушылар жоқтығы анықталды.



HR-жүйесі бойынша 5 сыныптардың оқу мотивациясының деңгейін бағалау сауалнамасы оқушылардың оқуға деген көзқарасын анықтау мақсатында алынды.





Қыркүйек айында " Егер қиын болса - қоңырау шал" акциясы жүргізілді. Акцияның мақсаты: Кәмелеттік жасқа толмағандар мен олардың ата-аналарына облыстық психологиялық орталығы барын хабардар ету. Оқушыларға сенім телефоны парақшалар таратылып түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар мұғалімдерге, ата-аналарға «Сенім телефоны» визиткасын ватсап желісі арқылы таратылды. https://www.instagram.com/p/CxHrN66IW70/?igshid=NGEwZGU0MjU5Mw==

19-30 қыркүйек аралығында 5-11 сынып оқушыларынан кәмелетке толмағандарға тұрмыстық зорлық-зомбылық прафилактикасы бойынша жасырын сауалнама, HR-жүйесі бойынша кәмелеттік толмағандар арасында суйцидтің алдын алу бойынша тест алынды. Анықталған оқушылармен жеке кеңес жүргізілді.

Мектебімізде 8-11 сынып оқушылары аралығында "BF line" психологиялық қолдау қызметі жобасы бойынша " Үрейдің жасөспірімдердің психологиялық әл- ауқатына әсері.Үрейді түзету әдісі" тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: жас ұрпақтың психологиялық көмекке жүгіну мәдениетінің деңгейін арттыру. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің психологиялық денсаулығын нығайту. Зейін, медитация және стрессті азайту тәжірибелерінде жиі қолданылатын тыныс алу, тыныштандыратын жаттығу түрлері көрсетіліп, оқушылармен бірге жаттығулар жасатылды.

Жоспардан тыс сынып жетекшісі А Жакупованың сұранысы бойынша 9 «Б» сынып оқушыларының қыз балаларымен" Қыздарға өнегелі тәрбие беру жолдары" тақырыбында психологиялық сабақ өткізілді. Мақсаты: қыз балалардың бойында жан сұлулығын қалыптастыру жолдарын көрсету, адамгершілікке тәрбиелеу. Сабақ барысында қыздарға тән қасиеттерді бойларына сіңіріп, ибалы, инабатты, білімді, тәрбиелі қыз болып өскеніне отбасың мақтанып отыратындай қыз болу керектігін айтып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар сұрақтар қойды, өз ойларымен бөлісіп, пікір алмасты.

Мектебімізде қыз балалармен мектеп мейірбикесі А.Тиленова «Қыз бала гигенасы», «Жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп педагог-психологы С.Куликова түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушыларға танымайтын адам шақырса бармау, кез-келген кісімен сөйлеспеу, беймезгіл уақытта ата-анасыз жүрмеу керектігі ескертілді. https://www.instagram.com/p/CzbVHfeoN2R/

Мектебімізде 27 қыркүйек күні жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары А.Опабекова «Баланың бас ұстазы ата-ана» тақырыбында баяндама жасады, педагог-психолог С.Куликова тренинг жаттығуларын жүргізізді.

10 қараша күні «Толлеранттылық-бейбітшілікке апаратын жол» онкүндік жоспары негізінде мектеп психологы С.Куликова 6 сынып оқушыларымен «Жақсы көңіл-күй жан азығы» тақырыбында тренинг жаттығуларын өткізді. Мақсаты: оқушылардың бір-біріне деген қарым-қатынасын жақсарту, бір-бірін сыйлау, құрметтеу дағдыларын қалыптастыру. Оқушыларға қызықты сұрақтар қойылды, ойындар жүргізілді. Оқушылар тренинг соңында өздерінің көңіл-күйлерін смайлик арқылы білдірді және қашанда ауызбіршілік керектігін түсінді.

Қараша айында мектебімізде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» форумы өткізілді. Бұл іс-шараның мақсаты бағдарлама бойынша ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Мектеп педагог-психологы С.Куликова баяндама жасады және тренинг жаттығуларын жүргізді. Әлеуметтік педагог Г.Бекенова «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында баяндама жасады және видеоролик көрсетті. Қорытынды бөлімінде ата-аналар кері байланысқа шығып, іс-шара бойынша алған әсерлерімен бөлісіп, бала тәрбиесіне мектеппен байланыс жасай отырып үлес қосу керектігі жайлы айтылды.

«Қостанай «Дарыны» өңірлік оқу әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі №07-02/378 хатына сәйкес 1-15 желтоқсан аралығында «Qabilet» бойынша 8-11 жас аралығындағы оқушылардан 35 оқушыдан зерттеу жұмысы жүргізілді.

Желтоқсан айында жас мамандармен "Жарқын болашақ иесі-бүгінгі жас маман" тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: Жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби құлшынысын арттыру,жігерлендіріп көңіл-күйлерін көтеру. Тренинг барысында "Мұғалім болу...", "Сұрақ меннен, жауап сізден" жаттығулары жүргізілді. Жас мамандар өздерінің қиындықтарымен бөлісті, оны қалай жеңу керектігін түсінді. Сонымен қатар жас мамандарға психологиялық кеңестер берілді.

https://www.instagram.com/p/C1QvaYooTmW/?igsh=MWhwaHB2b2ZkcX

Мектебімізде психологтар күніне орай бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды."Сенім телефоны" акциясы өткізілді. Мақсаты: бала денсаулығын сақтау, ішкі жан дүниесімен бөлісуге үйрету. "Жақсы көңіл-күймен амандасу", "Шаттық шеңбері", "Жақсы тілек білдіру" тренинг жаттығулары жүргізіліп, "Сырт келбетінің әдемілігі" фото көрме ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/C1Q2agaocrG/?igsh=czUyamIydjI1b3Zs

Қаңтар айында шағын орталық тәрбиеленушілерімен тәрбиешісі А.Букаева мен мектеп психологы С.Куликова баланың зейінін шоғырландыру, ойлау қабілетін арттыру, есте сақтауын қалыптастыру мақсатында "Түстерді ажырату", " Бөлінген амалдарды құрастыр", балалардың жас ерекшелігіне арналған "Лабиринт" жаттығулары өткізілді. Тәрбиеленушілердің сөздік қорын молайту мақсатында "Түлкі мен қырғауыл" ертегісі оқылып, мәтін бойынша сұрақтар қойылды, балалар өздерінің түсінгендері бойынша жауап берді. " Бөлінген амалдарды құрастыр" тапсырмасын балалар қызығушылықпен орындады. Сонымен қатар тәрбиеленушілердің көңіл-күйлерін ширатып белсенділіктерін арттыру, өзара қарым- қатынастарын нығайту мақсатында "Сергіту" жаттығулары өткізілді. Түстерді ажырату тапсырмасында балалар қателеспеуге тырысып, тапсырманы орындар берді.

https://www.instagram.com/p/C2ZhrRTITKB/?igsh=MWg0YnNsODg3Njg1cg==
Ақпанның 2-де шағын орталықтың тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен жиналыс өткізілді. Мақсаты: бала тәрбиесіндегі мектеп пен отбасы ынтымақтастығын нығайту; ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнатуына ықпал ету; бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Шағын орталықтың тәрбиешісі А.Букаева "Бала тәрбиесі отбасынан басталады" тақырыбында баяндама оқыды. Мектеп психологы С.Куликова тренинг жаттығуларын өткізді. Сонымен қатар бала тәрбиесіне қатысты кеңестер берілді және жағдаяттар шешілді. Ата-аналар да өз ойларымен бөлісті.
2024 оқу жылының 16 қаңтар күні Б.Майлин атындағы 3 жалпы білім беретін мектебінде біріңғай облыстық жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.Мақсаты: кәмелеттік жасқа толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлық және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін, ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Жиналыс барысында ата-аналарға баяндама оқылып, бірқатар түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Видеоролик көрсетіліп, ата-аналар ойларымен бөлісті. "Қалай балаларыңызға жақсы ата-ана болуға болады?"-тақырыбында жаднамалар таратылды. Сонымен қатар. "Сырт келбетім" тренинг жаттығуы жүргізілді. Мақсаты: бала денсаулығын сақтау және психологиялық көмек беру. Жаттығудан кейін ата-аналар кері байланыс жасай отырып, талданылды.

«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ-нің Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Психологиялық қолдау және қосымша білім беру өңірлік орталығы» КММ 2024 жылғы 16 ақпандағы жолдаған № 53 хаты негізінде, кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерге «Егер қиын болса-жай қоңырау шал» ақпараттық акциясы өткізілді. Мақсаты: кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің денсаулығын сақтау, күйзеліс кезіндегі мәселеден шығу жолдарын үйрету. 5-11 сынып оқушыларына "Сенім телефоны" визиткасы таратылылды. Сонымен қоса сенім телефонына қоңырау шалу тегін, құпия түрінде сақталатынын және арнай маманнан көмек алуға болатындығы жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
Қаңтар айында 9 сынып оқушыларының профориентациялық жүйе профи-III жүйесі бойынша тұлғалы қасиеттерін, бейімділіктері мен кәсіптік қалауын анықтау үшін тест алынды. ДЖ.Холланд сауалнамасы, О.Елесеев әдістемесі, Т.Элерс, Г.Шуберт әдістемелері бойынша диагностика жүргізілді. Оқушыларға тест нәтижелерін ватсап желісі арқылы жіберілді. Бұл жүйе бойынша оқушының мамандық таңдау барысында қандай мамандыққа бейімі барын анықтап береді. Сонымен қоса бұл диагностикада тұлғаның қызығушылығын, мінез-құлқын, қабілеттілігін т/б қырлары жағынан психологиялық мінездеме де береді.

15 наурыз күні 5-11 сыныптар аралығында сынып жетекшілер, педагог-психолог "Бұл әлем қандай әдемі, қарашы!" тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы проблемалық өмірлік жағдайларда өміршеңділікті, күйзеліске төзімділікті, позитивті өзін-өзі тану және сындарлы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Оқушыларға жасөспірімдерге өміршеңдікті қалыптастыру бойынша ұсыныстармен таныстырылды. Стрес пен ішкі мазасыздықты жеңілдету мақсатында "Жұлдыздарға жету", "Лақтыру" тренинг жаттығулары жүргізілді. Сонымен қатар видеожазбалар көрсетіліп, оқушылармен талданды.

Мектебімізде 27 наурыз күні буллингтің алдын алу мақсатында "Біз әртүрліміз, бірақ біргеміз" тақырыбында тренинг өткізілді. Оқушыларға буллингтің көбейіп бара жатқанын, бала денсаулығына кері әсер беретін тұстарын мысалмен айта отырып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. "Ойланып көрейік" жаттығуы, өмір туралы ұғымдарын дамыту мақсатында бірнеше сұрақтар қойылды. Сонымен қатар "Ауызбіршілікке шақыру", "Іштегі ашуды шығару" жаттығулары жүргізілді. Мақсаты: оқушылар арасында әлемжеттік пен буллингтің жасырын жүргізілуін бақылау. Тренинг соңында "Майшам" жаттығуы жүргізіліп, оқушылар бір-біріне жақсы тілектерін білдірді және тренинг жаттығуларынан алған әсерлерімен бөлісті.
https://www.instagram.com/p/C5A8bbTI5th/?igsh=MWM3Z3k1MDh6d3F1cQ==

Кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу бойынша 5-11 сынып оқушылар аралығында аутодеструктиыті мінез-құлықты анықтау мақсатында HR-жүйесі бойынша әр тоқсан сайын жасырын сауалнама жүргізілді. Анықталған оқушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізу үшін, әр оқушыға жоспар құрылды, жеке кеңестер берілді. Жеке кеңесте оқушылардың көбісі сол күнгі көңіл-күймен белгілей салғандары анықталды, сұрақтар қойғанда мазаланатын ешқандай мәселе жоқтығы байқалды. Бұл оқушылармен сынып жетекшімен бірігіп, балалардың күнделікті сабаққа келген көңіл-күйлерін бақылап отырдық және жоспар бойынша ісшараларға тартылып, сынып сағаттар, тренингтер өткізіліп тұрды. Мамыр айында 5-11 сынып оқушылары аралығында «буллинг және кейбербуллингтің» алдын-алу мақсатында сынып жетекшімен бірігіп «Мейірімділік-жүректен», «Позитивті ойлау-өміршеңдіктің көзі», «Өмір неткен тамаша!» тақырыптарында сынып сағаттар өткізілді. Психологиялық жаттығулар жүргізілді, видеороликтер көрсетілді. Сонымен қоса оқушылар бір-бірінің бойынан байқаған жақсы қасиеттерді атап, жақсы тілектерін білдірді.

2024 жылдың 12 сәуір күні 11 сынып оқушыларымен "ҰБТ-ға сеніммен барайық" тақырыбында мектеп психологы С.Куликова тренинг өткізді. Мақсаты: оқушылардың өзін тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стрессті жеңуге жол көрсету. Мектеп түлектеріне сұрақтар қойылды, өздерінің

алға қойған мақсаттары, қалаған мамандықтары бойынша қызығушылықтарымен ой бөлісті. Тренинг барысында жағымды көңіл-күйді қалыптастыру, бойдағы стресті шығару мақсатында "Қар қиыршықтары", "Сенімділік бейнесі", "Табиғат құбылыстары" тренинг жаттығулары жүргізілді. Сонымен қатар оқушылар "Тілек шамы" жаттығуы арқылы, алдағы сынақтан ойдағыдай өтулеріне тілектерін білдірді. Оқушылар егер қандай да бір балл алып оқуға түсе алмаған жағдайда, көңіл-күйді түсірмей, оқуға түсудің жолын іздеу керектігін түсінеді. Тренинг соңында түлектерге егер де бір ой толғандырып, мазасызданып жүре беруге болмайтынын, жеке кеңеске келуге болатыны ескертілді.

https://www.instagram.com/p/C5yDvmBo3Kp/?igsh=MTZwanEwc2s5Yjh0OA==

2023-2024 оқу жылындағы жетістігім:

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы «Қостанай дарыны» өңірлік оқу әдістемелікорталығы ұйымдастырған Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсының облыстық кезеңінде III орынға иелендім.

Мамыр айында А.Құнанбаев атындағы мектеп гимназиясында «Ата-аналарды психологиялық қолдау» форумында жалпы ата-аналар жиналысында **“Ынтымағы жарасқан отбасында тәрбиелі, тәртіпті бала өседі”** тақырбында баяндама оқылды және «Шегенің ізі» тақырыбында видеоролик көрсетілді.

2023-2024 оқу жылының жылдық жұмысын қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар жүзеге асырылса, психологиялық қызыметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынандай жағдайда көруге болады: психолог пен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту-тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас бір тұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен қарым-қатынасты нығайтса, біріккен жұмыстардың жүйесі өз нәтижесін береді деген ойдамын. Алағы уақытта оқу жылында кеткен кемшіліктер, толықтырылмаған жұмыстар ескеріледі.

Мектеп психологының 2024-2025 оқу жылында жүргізген іс-шаралар есебі:

2024-2025 оқу жылына арналған мектеп педагог-психологының жылдық іс- шара жоспары жасалып бекітілді. Мақсаты: Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, тұлғааралығын өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

Психологиялық диагностика

Мақсаты: Тұлғаның жеке және ерекшеліктерін, сондай – ақ тұлға аралық өзара ерекшеліктерін зерттеу

Психологиялық профилактика

Мақсаты: тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау**.**

Психологиялық түзету – дамыту жұмысы

Мақсаты: оқушының психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

Психологиялық консультация, кәсіби кеңес жүргізу

Мақсаты: Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету.

Психологиялық білімді көтеру

Мақсаты: Психологиялық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру.

2024-2025 оқу жылының инклюзив оқушыларының тізімі жасалып, ПМПК-мен тізім салыстырылды. Мектебімізде барлығы 22 инклюзив оқушы бар, нарушение речи-3, көру қабілеті нашар-2, ЗПР-15, НОДА-2. Биылғы оқу жылында мектебімізде инклюзив арнайы 4 «Б» сыныбы ашылды.

Жоспарға сүйене отырып, қыркүйек-қазан айларында 1- сыныптың мектепке даярлығын бағдарлау, ұсақ-қол моторикасын дамытуға бағытталған жаттығулар, «Керн Йерасектің «Сөздер көшірмелері», «Нүктелер көшірмесі» «Не артық?», «Не жетпейді?», «Баспалдақ», «Темперамен» әдістемелерімен зерттеу жұмыстары жүргізілді.

1 «А» сыныбында барлығы-19 оқушы, оның қызы-8, ұл-11. Сынып жетекшісі-Турмағанбетова Г.Ж, 1 «Б» сыныбында барлығы-16 оқушы, оның қызы-8, ұл-8 сынып жетекшісі-Жарқынбекқызы А Сабақ уақытында оқушылардың жағдайлары бірқалыпты, яғни зерттеу барысында сыныптағы оқушылардың өзара қарым-қатынасы, мұғалімді тыңдауы, бір-бірімен қарым-қатынасы жақсы.

Сонымен қатар 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуге психологиялық көмек ретінде, жоспар бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілді. 5 «А» сыныбында барлығы 16 оқушы, сынып жетекшісі-Султанова Г, 5 «Б» сыныбында 18 оқушы сынып жетекшісі Сейдахмет Аружан, барлық оқушы саны 34. Қыркүйек айында 5 сыныптың ата-аналар жиналысында «5 сынып оқушылырының ата-аналарына психологиялық көмек» тақырыбында баяндама оқылды.

Баяндама барысында ата-аналарға балаларының орта буынға бейімделу кезеңде кездесетін қиындықтардан, қорқыныштардың алдын алу мақсатында, мектеппен байланыс жасай отырып, балаларына көмек беру керектігі жайында айтылып, жаднамалар таратылды.

5 сынып оқушыларының бейімделуін анықтауға қыркүйектен - қазан айы аралығында келесі зерттеулер өткізілді: Н. Лускановаңың «Оқу мотивациясын

анықтау» тесті, «Депрессия шкаласы» әдістемесі, «Түймедақ» әдістемесі алынды.

Оқушылардың мектептегі мотивация деңгейі

№		5 «А»,	5 «Б»
1	Мотивацияның жоғары деңгейі.	-	6,25%
2	Мотивацияның орташа деңгейі.	68,75%	62,5%
3	Мотивацияның төмен деңгейі.	31,25%	31,25%

«Депрессия шкаласы» бойынша жүргізілген сауалнама бойынша оқушыларда депрессия анықталған жоқ.

Қыркүйек айында " Егер қиын болса - қоңырау шал" акциясы жүргізілді. Акцияның мақсаты: Кәмелеттік жасқа толмағандар мен олардың ата-аналарына облыстық психологиялық орталығы барын хабардар ету. Оқушыларға сенім телефоны парақшалар таратылып түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар мұғалімдерге, ата-аналарға «Сенім телефоны» визиткасын ватсап желісі арқылы таратылды.

https://www.instagram.com/p/DAYYwO6I9Im/?igsh=MWNuenhrcHJranc0Yw==

19-25 қыркүйек аралығында 5- 11 сынып оқушыларынан кәмелетке толмағандар арасындағы тұрмыстық және физикалық зорлық-зомбылық, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша тоқсандық сауалнама жүргізілді. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу сауалнаманың қорытындысы бойынша 5 оқушы анықталды, бұл оқушылармен түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу үшін, әр оқушыға жеке жоспарлар құрылып, жұмыстар жүргізілуде, жеке кеңес жұмысы жүргізіліп, себебі анықталды.

27 қыркүйек айында «Аутодеструктивті мінез-құлықтың, қорқыту/кибербуллинг және кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу» облыстық жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты:ата-аналарды жасөспірімдер ортасындағы аутодеструктивті мінез-құлық, буллинг/кибербуллинг, құмар ойындар/лудомания және кәмелетке толмағандарға қатыстыз орлық-зомбылық мәселелерімен таныстыру ата-аналардың назарын балалармен ересектер арасындағы қарым-қатынас мәселелеріне аудару, ата-аналарға профилактикалық көмек көрсету.

Жиналысқа барлығы 70 ата-ана қатысты, «Сенім телефоны» жазылған жаднамалар таратылды, қалған ата-аналарға ватсап желісі арқылы жаднамалар таратылды.

https://www.instagram.com/reel/DAbUrWzoDuO/?igsh=MXI2emRkenFhY3VtYQ==

Қазан айында шағын орталық балаларының ата-аналар жиналысында «Баланы шағын орталыққа бейімдеудегі отбасының рөлі» тақырыбында баяндама оқылды. Мақсаты: Ата-аналарға шағын орталыққа бейімдеудегі отбасының рөлі жөнінде мәлімет беру.

Қараша айында «QABILET» жүесі бойынша 8-14 жастағы оқушылардан

тестілеу жұмыстары жүргізілді, 60 оқушы тіркеліп тест алынды.
Қараша айында жоспар бойынша 9-11 сынып оқушыларынан АСППМ-жүйесі бойынша кәсіптік бағдар бойынша «Керсии» сауалнамасы алынды.

Қараша айында оқушылармен Өміршеңдікті, стреске төзімділікті дамыту бойынша тренинг өткізілді. Мақсаты: өмірге деген қызығушылықтарын арттыру, күйзелістерді төзімділікпен шешуге,төтенше жағдайларда қажетті жеке қасиеттерді қалыптастыруға көмектесу. Тренинг барысында видеоролик көрсетіліп, оқушылармен бірге талданды.
https://www.instagram.com/p/DC35yWEIAX0/?igsh=MWZ1eG05Nzh2ZHJsbQ= =

28 қараша күні 9 сынып оқушыларымен "Сәттілікке қадам" тақырыбында мектеп психологы тренинг өткізді.Мақсаты: өмір жолын таңдауда жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Тренинг барысында видеролик көрсетілді және оқушылармен талданды.
https://www.instagram.com/p/DC88eSWoFe9/?igsh=MTZiMnZ3ZDJpbHk0bQ==

Буллингтің алдын алу мақсатында 11 сынып оқушыларымен "Өмірдің мәні" тақырыбында мектеп психологы тренинг өткізді. Мақсаты: адамгершілікке, ізгілікке,қайырымдылыққа,достыққа ,сыйластыққа үйрету. Тренинг барысында " Шекара", "Маған не ұнамайды" жаттығулары жүргізілді. Оқушылар жаттығу соңында өздерінің пікірлерімен бөлісті.
Қараша айында Буллингтің алдын алу мақсатында 11 сынып оқушыларымен "Өмірдің мәні" тақырыбында мектеп психологы тренинг өткізді. Мақсаты: адамгершілікке, ізгілікке,қайырымдылыққа,достыққа ,сыйластыққа үйрету. Тренинг барысында " Шекара", "Маған не ұнамайды" жаттығулары жүргізілді. Оқушылар жаттығу соңында өздерінің пікірлерімен бөлісті.
https://www.instagram.com/p/DDEvP69oMx0/?igsh=am1rd2hwM291OWJv
Желтоқсан айында . "Менің жеке қауіпсіздігім" тақырыбында 2-6- сыныптар аралығында мектеп психологы тренингтік сабақтар өткізді. Мақсаты: оқушылардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулықтарын сақтауға үйрету, зардап шеккендерге көмек көрсету керектігін түсіндіру. Оқушыларға тақырып төңірегінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді, сұрақтар қойылды, видеоролик көрсетілді және қызмет телефондарымен таныстырылды.
https://www.instagram.com/p/DDJ7hqTIJhQ/?igsh=bXgxazhoaWN6MjEy
9 сынып оқушыларымен "Зорлық-зомбылыққа қарсымыз!" тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: балалардың Адам құқықтары туралы білімдерін кеңейту, өздерін қорғай білуге үйрету. Тренинг барысында топқа бөлініп жұмыс жүргізілді, тақырып аясында постер, жағдаяттар шешілді, қорытынды бөлімінде оқушылар өз ойларын ортаға салды, пікірлерімен бөлісті.
https://www.instagram.com/p/DDWXfXkI2Rt/?igsh=MWE5dzlkdTAwYWNiZQ==
25 желтоқсан- Психологтар күніне орай "Бақытты болған қандай жақсы" тақырыбында психологиялық онкүндікте жұмыс жүргізу үшін арнайы жоспар құрылды. 17 желтоқсан күні онкүндіктің ашылу салтанаты

өткізілді.Оқушыларға "Сенім телефоны" жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді және психологиялық жаттығулар өткізілді.
https://www.instagram.com/p/DDrhiyIIiME/?igsh=eGM4aHRkZGExNGdp

"Бақытты болған қандай жақсы" тақырыбында психологиялық онкүндікте 10 сынып оқушыларымен А.Жакупова «Лудомания - ойынқұмарлық» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: жас ұрпаққа адам денсаулығының басты байлық екендігін түсіндіру, денсаулық негізі қимыл, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада дұрыс жүру екенін ұғындыру.
https://www.instagram.com/p/DDuSeZ1oEoH/?igsh=dG9rMG1mcWExNDB0

"Бақытты болған қандай жақсы" тақырыбында психологиялық онкүндікте 7 сынып оқушыларымен мектеп психологы "Мен өмірге қажетпін..." тақырыбында тренинг өткізді. Мақсаты: оқушыларды өз өмірінің мәнін түсіне білуге, рухани өсуге және жақсы мен жаманның аражігін ажырата отырып,өмірлік айқындамасын белгілей білуге үйрету. Тренинг барысында жаттығулар, топтық жұмыстар жүргізілді және аңыз әңгімелер оқылып, талданды.
https://www.instagram.com/p/DDwl8pGoPzm/?igsh=MWRmYXllaGhtaGF3bw==

20 желтоқсан күні "Бақытты болған қандай жақсы" тақырыбында психологиялық онкүндікте 6 сынып оқушыларымен эмоциялық ахуалды түзету,мінез-құлықты реттеу мақсатында "Мандала" терапиясы өткізілді. 2 сынып оқушыларымен "Ермексазбен" жұмыс жүргізілді. Мақсаты: баланың қиялын, елестетуін және ұсақ моторикасын дамыту.

23 желтоқсан күні 9 «Б» сынып оқушыларымен «Зиянды заттардан аулақ болайық!» тақырыбында тренинг өткізілді. Алдымен оқушыларға адам денсаулығына зиянды затттардан аулақ болу мақсатында шағын түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Видеоролик көрсетілді, жағдаяттар оқылып, талданды. Сонымен қатар психологиялық жаттығулар жүргізілді, сұрақтар қойылып, кері байланыс жасай отырып, қорытынды бөлімінде, оқушылар бір-біріне жақсы тілектерін білдірді.

"Бақытты болған қандай жақсы" тақырыбында психологиялық онкүндікте оқушылар өздерінің армандарын, бір-біріне жақсы тілектерін білдіру мақсатында "Тілек ағашы" акциясы, 4 сынып оқушыларымен психологиялық ойындар өткізілді. Мақсаты: оқушылардың логикалық ойлауын, көру арқылы есте сақтауын, ойша жұмыс істеу қабілетін арттыру.
https://www.instagram.com/p/DD68tdSIs-4/?igsh=bHZqcXgyenQ3NnNk

"Бақытты болған қандай жақсы" тақырыбында психологиялық онкүндікте мұғалімдер арасындағы қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, ұжымды сыйластыққа, ауызбіршілікке шақыру мақсатында тренинг өткізілді. "Шекара", "Жақсы тілегім" жаттығулары жүргізілді.
https://www.instagram.com/reel/DD6xjewIa4h/?igsh=MW9qZXp1MjRhcGNrbg==

"Бақытты болған қандай жақсы" тақырыбында психологиялық онкүндікте 1сынып, 8 сынып оқушыларымен психологиялық ойындар өткізілді. " Құм терапиясымен" 1 сынып оқушыларымен жұмыс жүргізілді. Мақсаты: ұсақ қол маторикасын, танымдық процестерін дамыту.

2024-2025 оқу жылының жылдық жұмысын қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар жүзеге асырылса, психологиялық қызыметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынандай жағдайда көруге болады: психолог пен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту-тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас бір тұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен қарым-қатынасты нығайтса, біріккен жұмыстардың жүйесі өз нәтижесін береді деген ойдамын. Алағы уақытта оқу жылында кеткен кемшіліктер, толықтырылмаған жұмыстар ескеріледі.

Мемлекеттік бөлім стандартының базалық компоненті оқушының бейінімен қызығушылығына сәйкес оқушы білімі дамыту мақсатына бағытталған.

«Өмір қауіпсіздік негіздері» жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы

«Өмір қауіпсіздік негіздері» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны да өзгерді және 1998 жылғы оқу жоспарынан ерекшеленді. Білім берудің жаңартылған мазмұнын бөлімдерінің материалдары оқушыларға ғылыми зерттеулер мен іздеу жұмыстарына мүмкіндігінше тәуелсіздік беру, әртүрлі эксперименттер жүргізу және шығармашылық идеяларын көрсету сияқты етіп ұсынылады. Әр бөлімнен кейін өздігінен өз жұмыстарының таныстырылым дайындау жаңартылған бағдарламаның ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Білім алушы барлық түрлерін өз бетінше функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған, күнделікті өмірде алған білімін, білігі мен дағдыларын қолдана алады. Практикалық жұмысты орындау кезінде әрбір бөлімінде қызметтің бұл түрі үлгі ретінде берілген. Мұғалім қолда бар материалдарды, құрал - жабдықтарды негізге ала отырып, білім алушыларды бірдей дамыту үшін үлгілік өнімді іске асыру негізінде ұсынуға құқылы.

«Қауіпсіздік және төтенше жағдайда қорғау» бірінші бөлімі **«Қауіпсіздік және адамды қорғау»** бөліміне ауыстырылды. Практикалық жұмыстарды өткізу және жаңа тақырыпты зерделеу кезінде жаңартылған мазмұнның әрбір бөлімінде көзделген.

«Медициналық білім негіздері және балалар денсаулығын қорғау» екінші бөлімі **«Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты»** және **«Медициналық білім негіздері»** бөлімдеріне ауыстырылды. 5 - сыныптан «Табиғи сипаттағы қауіп», «Техногендік сипаттағы қауіп»,

«Экстремалды жағдай және қауіпсіздік», «Азаматтық қорғаныс» осы бөлімдер енгізілді.

10-сыныпта өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технология негіздері бөлімінде – азаматтық қорғау және медициналық білім негіздері сабағында білім алушылар Қазақстан Республикасының халқын бейбіт және соғыс кезіндегі табиғи апаттарда, ірі апаттарда, қасірет пен террористік актіде атқарылатын іс-шаралармен таныстырады.

11-сыныпта технологиялық дайындыққа арналған бөлім жол қозғалысы ережесін және автокөлік құралдарын қауіпсіз жүргізуді зерделеу қарастырылады.

1-тарау. Жалпы ережелер

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында жүзеге асырылады:

- 1-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4 - сыныпта 10 сағат көлемінде бастауыш сынып мұғалімдері жүргізеді;

- 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады;

-10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы - ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Жалпы орта білім беру мектептерінің 10-сыныптарында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу бағдарламасына енгізілген «ӨҚН» бөлімі (12 сағат) оқытылады.

Жалпы орта білім беру мектептерінің 11-сыныптарында «Технологиялық дайындық» бөлімі (34 сағат) оқытылады, онда автокөлік құралдарының қозғалысы мен қауіпсіз жүру ережелерін зерделеу қарастырылған.

2-тарау. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру «Өмір қауіпсіздігі негіздері» бағдарламасы 1-4 сыныптар

БӨЛІМ БОЙЫНША ОҚЫТУ САҒАТ САНЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Бөлім атаулары	Сыныптар бойынша сағат саны				Барлық сағат саны
	I	II	III	IV	
1. Қауіпсіздік және адамды қорғау	4	4	4	6	18
2. Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты	2	2	2	2	8
3. Медициналық білім негіздері				2	2
БАРЛЫҒЫ	6	6	6	10	28

1 сынып

ОҚУ УАҚЫТЫН ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША БӨЛУ ҮЛГІСІ

Бөлім атаулары және тақырыптары	Сағат саны
1 КЛАСС	
1. «Қауіпсіздік және адамды қорғау»	**4**
1.1 «Менің қауіпсіздігім» деген не?	1
1.2 Жолды абайла! Көлік және ондағы тәртіп ережелері	1
1.3 Үйде жалғыз болу. Өрт шыққан кездегі өзін-өзі ұстау ережелері. Отпен абай болу дағдылары	1
1.4 Мектептегі және көшедегі қауіп-қатер	1
2. «Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты»	**2**
2.1 Денсаулық деген не? Денсаулықты қалай сақтауға болады?	1
2.2 Денсаулыққа әсер ететін факторлар Жеке гигиена ережелері	1
БАРЛЫҒЫ	**6**

1-бөлім. «Қауіпсіздік және адамды қорғау»

«Менің қауіпсіздігім» деген не?

Қауіпті және қауіпсіз орындар. Сен тұратын үлкен қаладағы, ауылдағы, ауладағы тәртіп ережелері. Абайла, бейтаныс! Жедел қызмет телефондары.

Жолды абайла!

Сенің елді мекеніңдегі жол белгілері. Мектепке және үйге дейінгі қауіпсіз маршрут. Көшеде және жолда қауіпсіз жүріп - тұру ережелері.

Көлік және ондағы тәртіп ережелері

Сенің елді мекеніңдегі көлік түрлері. Аялдамада қоғамдық көлікке міну және түсу кезінде, сондай-ақ оның ішінде тәртіп ережелерін сақтау.

Үйде жалғыз болу

Үйдегі қауіп-қатер (дәрі - дәрмектер мен тұрмыстық химия, терезелер, үшкір және кескіш заттар). Суды, электр құралдарын қауіпсіз пайдалану ережелері. Теледидар, компьютер жасырын қауіп-қатердің тасымалдаушысы ретінде.

Өрт шыққан кездегі өзін-өзі ұстау ережелері. Отпен абай болу дағдылары

Өрт сөндіру қызметін шақыру телефондары. Шағын өрт ошақтарын сөндіруге арналған қолда бар құралдар. Жанып жатқан ғимараттан эвакуациялау ережелері. Түтінге толы үй-жайдағы өзін - өзі ұстау ережелері. Отты пайдаланудағы сақтық шаралары.

Мектептегі және көшедегі қауіп-қатер

Үзілісте жарақат алып қалмау шаралары. Стандартты емес спорттық жабдықтар және қауіпсіз сабақ ережелері. Ойнауға және сырғанауға арналған

орындар. Саябақтарға, кинотеатрларға, стадиондарға дейінгі маршруттар. Елді мекенде бағдарлаудың қарапайым тәсілдері.

2-бөлім. «Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты»Денсаулық деген не? Денсаулықты қалай сақтауға болады?

Дені сау адам деп кімді айтуға болады? Оқушының күн тәртібі және оның денсаулыққа әсері. Қимыл белсенділігінің тәсілдері.

Денсаулыққа әсер ететін факторлар

Денсаулыққа зиян келтіретін факторлар. Денсаулықты нығайтатын факторлар.

Жеке гигиена ережелері

Ауыз қуысының гигиенасы. Шаш күтімі. Дене күтімі. Жыныстық гигиена. Тамақтану және киім гигиенасы.

2 сынып

ОҚУ УАҚЫТЫН ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША БӨЛУ ҮЛГІСІ

Бөлім атаулары және тақырыптары	**Сағат саны**
1. «Қауіпсіздік және адамды қорғау»	**4**
1.1 Жолаушылар мен жаяу жүргіншілер. Жолда жүру ережелері	1
1.2 Мен велосипедшімін. Роликпен, скейтборпен сырғанау кезінде жарақаттанудың алдын-алу	1
1.3 Табиғаттағы қауіпті жағдайлар: жаңбыр, найзағай, қар жауы. Табиғат аясында демалу кезіндегі қауіпсіздік	1
1.4 Су қоймаларында қауіпсіз жүру ережелері.	1
2. «Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты»	**2**
2.1 Аурулар, олардың себептері, өмір салтымен байланысы	1
2.2 Таза ауа, оның адам денсаулығы үшін маңызы	1
БАРЛЫҒЫ	**6**

1-бөлім. «Қауіпсіздік және адамды қорғау»

Жолаушылар мен жаяу жүргіншілер

Жаяу жүргіншілер мен жолаушыларға арналған жолда жүру ережелерінің талаптары. Жолаушылардың міндеттері. Жаяу жүргіншілердің реттелетін және реттелмейтін жаяулар өтпесі арқылы қозғалысы. Ұйымдасқан жаяу саптардың қозғалысы. Практикалық дағдыларды пысықтау.

Мен велосипедшімін. Жолда жүру ережелері

Велосипедшілерге арналған тыйым салатын және алдын ала қойылатын белгілер. Жолдың жүретін бөлігімен қозғалыс ережелері. Велосипедпен жүру кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

Роликпен, скейтборпен сырғанау кезінде жарақаттанудың алдын-алу

Сырғанауға арналған орындар. Қорғау жарағы. Жылдамдықты және өз қозғалыстарын бақылау. Қауіпсіз құлау тәсілдері.

Табиғаттағы қауіпті жағдайлар: жаңбыр, найзағай, қар

Ауа райы деген не? Метеорологиялық төтенше жағдайлардың зақымдаушы факторлары және қауіпсіз іс-әрекет ережелері. Жақында болатын найзағайдың белгілері. Көшедегі, ормандағы, судың жанындағы жүріс-тұрыс ережелері.

Табиғат аясында демалу кезіндегі қауіпсіздік

Табиғатта отты қалай пайдалану керек? Саңырауқұлақтар мен жидектер жинау. Жәндіктердің, оның ішінде кенелердің шағуы.

Су қоймаларында қауіпсіз жүру ережелері

Күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы кезеңдерде су қоймаларында қауіпсіз жүріс-тұрыс шаралары.

2-бөлім. «Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты»

Аурулар, олардың себептері, өмір салтымен байланысы

Ұялы телефондардың зияны мен пайдасы. Компьютерлік ойындар және оның бала денсаулығына әсері. Қимыл белсенділігі. Тамақтану функциялары. Дене шынықтырумен және спортпен белсенді айналысу

Таза ауа, оның адам денсаулығы үшін маңызы

Таза ауа – денсаулық кепілі. Қалалар мен ауылдарды көгалдандыру. Оқу сыныптарындағы ауа кеңістігіне қойылатын талаптар.

Алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын пысықтау бойынша ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАР (тікен кіру, шағу, соғып алу)

Зарарсыздандырудың қарапайым ережелері. Суық компресс қою ережелері. Қысып байланған таңғыштар мен оларды қоюдың тәсілдері.

3-СЫНЫП
ОҚУ УАҚЫТЫН ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША БӨЛУ ҮЛГІСІ

Бөлім атаулары және тақырыптары	**Сағат саны**
1. «Қауіпсіздік және адамды қорғау»	**4**
1.1 Жол және оның элементтері. Көлік құралдарының түрлері	1
1.2 Қазіргі заманғы тұрғын үйлердегі қауіп-қатер. Өрт кезіндегі қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдылары	1
1.3 Үй-жайдан, көліктен шұғыл эвакуациялаудың ережелері	1
1.4 Бейтаныс адамдармен өзін-өзі ұстау ерекшеліктері	1
2. «Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты»	**2**
2.1 Салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру. Зиянды әдеттерден сақтану	1
2.2 Күн тәртібі	1
БАРЛЫҒЫ	**6**

1-бөлім. «Қауіпсіздік және адамды қорғау»

Жол және оның элементтері

Көшелер мен жолдардың таңбалануы. Жолдың жүру бөлігі мен оның шеті. Бөлу жолағы. Біржақты және екіжақты қозғалыс. Тротуармен және жолдың

жиегімен қозғалыс. Көшелер мен жолдардан өту ережелері. Қала сыртындағы жолдармен қозғалыстың ерекшеліктері.

Көлік құралдарының түрлері

Қозғалу тәсілі бойынша көлік түрі. Арналуы бойынша негізгі көлік түрлері. Жолаушылардың әртүрлі көлік түрлерінде жүру ерекшеліктері.

Қазіргі заманғы тұрғын үйлердегі қауіп-қатер

Тұрғын үй-жайлардың жағдайы және адам денсаулығы. Қазіргі заманғы тұрмыстық құралдар және оларды пайдаланудың қауіпсіздік ережелері. Газ плиталарын дұрыс пайдалану және күйіп қалмау. Үй жануарларын ұстау және оларды күту кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

Өрт кезіндегі қауіпсіз жүріс - тұрыс дағдылары

Мектепте, қалалық көлікте, ойын-сауық орталықтарында және адам көп шоғырланатын басқа жерлерде оқушылардың өрт кезіндегі іс-әрекеттерін элементтері бойынша талдау және пысықтау.

Үй-жайдан, көліктен шұғыл эвакуациялаудың ережелері

Хабарлау сигналдары мен тәсілдері. Эвакуациялау сызбалары. Қосалқы шығу жолдарының орналасқан жерлері. Шұғыл эвакуациялау тәсілдері. Эвакуациялауға жаттығу.

Бейтаныс адамдармен өзін-өзі ұстау ерекшеліктері

Көшедегі бейтаныс адам. Бейтаныс адам есіктің қоңырауын басқанда. Үйдің кіре берісіндегі, лифтідегі бейтаныс адам. Кімнен көмек сұрау керек.

2-бөлім. «Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты»

Салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру. Зиянды әдеттерден сақтану.

Денсаулық ұғымы. Салауатты өмір салты (СӨС) туралы жалпы түсінік. Денсаулықтың басты факторлары. Қомағайлық – зиянды әдет. Алдын алу ережелері. Қуырылған қытырлақ картопқа және кептірілген қытырлақ нанға тәуелділік.

Күн тәртібі

Еңбек пен демалысты дұрыс кезектестіру. Тұрақты тамақтану. Дұрыс ұйықтау. Таңертеңгілік гимнастика және гигиеналық шаралар. Таза ауадағы демалыс.

Улы газбен уланған кездегі алғашқы медициналық көмек

Зардап шеккендерді залалданған қауіпті аймақтан шығару тәртібі. Суық компресс. Ауыр дәрежелі улану кезінде көмек көрсету ережелері. **Практикалық жұмыс.**

Зардап шеккендерді тасымалдау тәсілдері

Зардап шеккендерді тасымалдаудың тәсілдерін таңдау жағдайлары. Тәсілдері: сүйреу, арқаға салып, «құлып» жасап және таяқпен тасымалдау. **Практикалық жұмыс.**

4 сынып

ОҚУ УАҚЫТЫН ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША БӨЛУ ҮЛГІСІ

Бөлім атаулары және тақырыптары	**Сағат саны**
1. «Қауіпсіздік және адамды қорғау»	**6**
1.1 Жол – аса қауіпті аймақ	1
1.2 Көлікте өзін-өзі ұстау ережелерінің жүйесі	1
1.3 Тұрғын үйдегі өрт	1
1.4 Пәтерді ұрылар мен тонаушылардан қорғау	1
1.5 Табиғи ортадағы адам қауіпсіздігі	1
1.6 Жергілікті заттардың белгілері және компас бойынша бағдарлау негіздері	1
2. «Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты»	**2**
2.1 Дұрыс тамақтану	1
2.2 Жұқпалы аурулардың алдын алу негіздері	1
3. «Медициналық білім негіздері»	**2**
3.1 Түрлі жарақаттар туралы түсінік	1
3.2 Жарақаттану кезіндегі алғашқы медициналық көмек	
БАРЛЫҒЫ	**10**

1-бөлім. Қауіпсіздік және адамды қорғау

Жол – аса қауіпті аймақ

Қала көлігінің қарқыны мен қозғалыс жылдамдығы. Жолдың жай-күйі және автомобильдің тежелу жолы. Тұрған немесе тоқтаған көлікті қалай айналып өту керек? Трамваймен, троллейбуспен жүрген кездегі қауіпсіздік шаралары. Темір жол арқылы өтудің ережелер.

Көлікте өзін-өзі ұстау ережелерінің жүйесі

Мінгізу және түсіру. Салондағы қауіпсіз орын. Жүкті қалай дұрыс орналастырған жөн? Метродағы жүріс-тұрыс ерекшеліктері. Практикалық жұмыс.

Тұрғын үйдегі өрт

Өрт шығуының ықтимал себептері. Жағдайды бағалау. Синтетикалық материалдардың жану ерекшеліктері. Қолда бар өрт сөндіру құралдары. Өрт сөндіргіштер, олардың жіктелуі және пайдалану ережелері.

Пәтерді ұрылар мен тонаушылардан қорғау

Қорғаудың негізгі тәсілдері. Терезелер мен есіктерді қорғаймыз. Дабыл және бейнебақылау жүйелері. Ит ұрылар мен тонаушыларға қарсы. Пәтерге кіруге тырысқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі.

Табиғи ортадағы адам қауіпсіздігі

Адам ағзасына әсер ететін табиғи факторлар. Күн, ауа және су – біздің ең жақсы достарымыз. Табиғи ортада адам үшін төтенше жағдайлар. Су айдындарында болған кездегі қауіпсіздік шаралары.

Жергілікті заттардың белгілері және компас бойынша бағдарлау негіздері

Бағдарлаудың негізгі ережелері. Байқампаздық. Белгілерді табиғи жағдайлармен сәйкестендіру. Даладағы бағдарлау белгілері. Қыста бағдарлау ережелері. Компаспен танысу. Практикалық жұмыс.

2-бөлім. «Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты»

Дұрыс тамақтану

Дұрыс тамақтану – тамақтану тәртібі. Дұрыс тамақтану негізгі құрамдас бөліктері. Ағзаның жасқа қарай қажеттілігі. Тамақтану мен ақыл-ойдың өзара байланысы.

Жұқпалы аурулардың алдын алу негіздері

Жеке гигиена ережелері. Үй-жайларды ұстауға қойылатын талаптар (сынып, балалар бөлмесі). Тамақтану гигиенасы. Коммуналдық гигиена (оқулықтарды, дәптерлерді, жабдықтарды және мүкәммалдарды пайдалану)

3-бөлім. «Медициналық білім негіздері»

Түрлі жарақаттар туралы түсінік

Жарақат дегеніміз не. Жарақаттардың жіктелуі. Ауырлық дәрежесіне қарай жарақат түрлері. Алғашқы көмек көрсетуге арналған арнайы және қолда бар құралдар.

Жарақаттану кезіндегі алғашқы медициналық көмек

Мұрыннан қан кету, соғып алу және ауыртып алу, кесіп алу, күйік шалу кезінде алғашқы көмек көрсету бойынша топтардағы практикалық жұмыс.

«Өмір қауіпсіздігі негіздері» бағдарламасы 5-9 сыныптар

БӨЛІМ БОЙЫНША ОҚЫТУ САҒАТ САНЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Бөлім атаулары	Сыныптар бойынша сағат саны						Барлық сағат саны
				8	9	10	
Қауіпсіздік және адамды қорғау				3	6	1	15
Табиғи сипаттағы қауіп							15
Техногендік сипаттағы қауіп				8			10
Қоршаған орта және адам денсаулығы							3
Экстремалды жағдай және қауіпсіздік					6		12
Азаматтық қорғаныс						9	9
Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты				3	2		14
Медициналық білім негіздері				1	1	2	9
БАРЛЫҒЫ	5	5	5	5	15	12	87

ОҚУ УАҚЫТЫН ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША БӨЛУ ҮЛГІСІ 5-СЫНЫП

Бөлім атаулары және тақырыптары	Сағат саны
1. Қауіпсіздік және адамды қорғау	**5**
1.1 Тұрғын үйдегі су-газ-электрмен жабдықтау жүйелерін пайдалану	1
1.2 Тұрмыстағы өрттердің сипаттамасы және жіктелуі	1
1.3 Көшеде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету	1
1.4 Экстремизм және терроризм: негізгі ұғымдары	1
1.5 Қоғамға қарсы іс-әрекет. Қоғамға қарсы іс-әрекет үшін кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі	1
2. Табиғи сипаттағы қауіп	**3**
2.1 Біз және табиғат	1
2.2 Табиғи апаттар және адам үшін болуы ықтимал салдары	1
2.3 Климаттық-географиялық жағдайлардың ауысуы	1
3. Техногендік сипаттағы қауіп	**2**
3.1 Химиялық ластану және оның салдары	1
3.2 Ядролық энергетика объектілерінің қауіптілігі	1
4. Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты	**3**
4.1 Зиянды әдеттер және олардың адам денсаулығына әсері	1
Математика кабинеті (49,4кв/м) талапқа сәйкес толық жабдықталған. Кабинетте 15 парта мен 30 орындық, мұғалім үстелі, мұғалім орындығы бар. Кабинетте Интерактивті панель «Aiala» AG-7501A 75дюйм , интерактивті панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS),3-тен 1-ге дейінгі пульт (гироскоп, пульт, пернетақта) «Bilimland», «iMektep», «iTest» ресурстарына қол жетімді. Көпфункционалды шкаф- 2. Киім ілетін шкаф -1 «Сандық түзу» қосымшасы «Жиынтықтар» қосымшасы, «Көлем бірлігінің моделі» «Геометриялық денелер» жинағы, «Стереометрия» тарауы бойынша зертханалық жұмыстарға арналған модельдер жиынтығы, «Жиналмалы мөлдір геометриялық денелер» жиынтығы-12 дана, шағын графикалық демонстрациялық калькулятор, геометриялық түрлі сызғыштармен жабдықталған.

Информатика кабинеті (66,6 м² және 69,4 м²). Барлығы 11 компьютермен жабдықталған. Интернет желісі 5 нүктеге қосылған 5 вайфай құрылғысы жұмыс істейді, интернет жылдамдығы 100 МГ бит/сек. АО «Транстелеком» қызмет көрсетеді. 2-11 сыныптарға арналған информатикадан оқулықтар мен оқу құралдары, мұғалімге арналаған әдістемелік құралдар, 7-11 сыныптарға арналған информатикадан электрондық оқулықтар, кабинет паспортын жабдықтаудың құжаттар тізімі, компьютерге арналған үстел 10 дана, орындық 10 дана, 10 дана компьютер, 10 дана жүйелік блок, 10 дана пернетақта, 10 дана тышқан, құлаққап 3 дана, мұғалім партасы 1 дана, мұғалім орындығы 1 дана, оқушылар үстелі 8 дана, оқушылар орындығы 16 дана. Бор

тақтасы 1 дана, көрнекілік құрал қоюға арналған 4. Киім ілетін шкаф - 1,Принтер 1. 16 порт қосқышы, БҚ электрмен жабдықтау қалқаны, Core i 7-10700 мұғалімдерінің жүйелік блогы, монитор, оқушының жүйелік блогы Core I 5-10400F, WebCam желілік сүзгі 5 метр 5 розетка, құлаққап гарнитурасы,. Қауіпсіздік техникасы монтаждау материалдарының жиынтығы бар.

Физика кабинеті (63,9кв\м) талапқа сай техникалық және көрнекі құралдар, оқулықтар, әдістемеліктер, дидактикалық құралдармен толық жабдықталған. Кабинет 30 білім алушыға шақталған. Кабинетте: 15 парта мен 30 орындық, мұғалім үстелі, мұғалім орындығы бар. Интерактивті панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS),3-тен 1-ге дейінгі пульт (гироскоп, пульт, пернетақта) «Bilimland», «iMektep», «iTest» ресурстарына қол жетімді. Техникалық спецификада көрсетілген мектеп бағдарламасына қажетті құралдармен қамтылған. Демонстрациялық үстел– 1 дана, компьютер қондырмасы бар мұғалім үстелі- 1 дана, оқушыға арналған парта- 15 дана, орындық оқушыға арналған 30 дана, ашық және жабық сөрелері бар оқу көрнекі құралдарына арналған шкаф 3 дана, зертханалық жиһаз, принтер 1 дана, графикалық проектр 1 дана, интерактивті тақта 1 дана. Cornelson құрал-жабдықтары бар. Атап айтсақ: «Механика»-1, «Дыбыс»-1, «Электр тогы»-1, «Оптика»-1, «Жылу физикасы»-1, «Жалпылама физика»-1 курстарын арналған құралдар, заманауи үлгідегі сенсорлы датчиктер -1, телескоп -1, микроскоп-1, магнетизм-1. Sense Disk деректерін талдау бойынша абсолютті қысым, ток сенсоры, температура сенсоры, жарық сенсоры, кернеу сенсоры, ауа қысымы, дыбыс деңгейінің сенсоры, күш сенсоры, фотогейт сенсоры, магнит өрісінің сенсоры, әмбебап қосқыштар, аксессуарлар жиынтығы (атаулы корпус, стилус, зарядтағыш), микроскоп {1200х, 400х, 100х} миниатюралық шамұстағыш, демонстрациялық және зертханалық тәжірибелерге арналған ыдыс-аяқ жиынтығы, "DISCOVERY" кейсіндегі био-зерттеулерге арналған жинақпен қамтылған.

Биология кабинетінің аумағы – 51,2кв.м. Қосымша бөлмесі – 15кв.м. Мұғалім столы- 1, орындығы- 1. Оқушылар партасы -13, оқушы отыратын орындықтары- 26. Компьютер – 1 . Көрнекіліктерге арналған модулді шкаф–1, ведиопроектор-1 компьютер-1 . Барометр-1, Жылдам реагируші температура датчигі-1, Өлшеу датчигі-1, Газдың көміртегі диоксидін анықтау датчигі-1, Газды анықтау датчигі-1,Оттегіні анықтау датчигі-1,Жүрек сұйығының датчигі-1,Күшті анықтау датчигі-1,Анатомия жинағы-1, Микроскоп -10, Дене моделінің үлгісі-1,Тыныс алу жүйесінің жинағы-1, Мидың жасушалар жинағы-1,Крахмалдың құрамын анықтау жинағы-1,Лабораториялық жұмыстарға арналған посуда жинағы-1,Фотосинтез резервуары-1Қабырғаға жапсырылған биология пәнінің тақырыптық қабырға стенді -1. Сынып бұрышы – 1. Тақырыптық плакаттар, сынып бойынша оқулықтар жиынтықтары.

Химия кабинеті (47,9кв\м) қосымша бөлме (17,6 кв.м.) талапқа сай техникалық және көрнекі құралдар, оқулықтар, әдістемеліктер, дидактикалық құралдармен толық жабдықталған. Кабинетте: 15 парта мен 30 орындық, мұғалім үстелі менн орындығы бар. Интерактивті панель «Aiala» AG-7501A 75дюйм интерактивті панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS),3-тен 1-ге дейінгі пульт (гироскоп, пульт, пернетақта) «Bilimland», «iMektep», «iTest» ресурстарына қол жетімді. Техникалық спецификада көрсетілген мектеп бағдарламасына қажетті құралдармен қамтылған. Демонстрациялық үстелі-1, компьютер қондырмасы бар мұғалім үстелі–1,мұғалім орындығы-1, білім алушыларға арналған парта–15 , оқушы орындығы–30, шкаф–1дана, сорғыш шкаф–1дана, лабораториялық құралдарға арналған шкаф–1 дана, химиялық

реактивтерді сақтауға арналған арнайы шкаф–2дана. Көрнекілік кестелер жинағы: «Д.И.Менделеевтің химиялық элементтердің периодтық жүйесі»,«Қышқылдар, тұздар, негіздердің суда ерігіштігі» көрнекілік кестесі –1 дана, бейорганикалық химия курсы бойынша кестелер жинағы–1, химия бойынша анықтамалық-қауіпсіздік кестелер жинағы-1 дана. Лабораториялық орын 5 білім алушыға шақталған. Зертханалық жұмыстар жасау үшін қажетті құрал – жабдықтар: химиялық реактивтер, центрифуга, су моншасы, муфельді пеш, электр таразылар, қыздырғыш колба, электролиз құрылғысы, кристалдық тор модель, колбалар, сынауықтар мен заманауи үлгідегі сенсорлы дачиктер.

География кабинеті (49,3кв/м) 30 оқушыға шақталған. Кабинетте: 15 парта мен 30 орындық, мұғалім үстелі, мұғалім орындығы бар, көп функционалды шкаф-4 Киім ілетін шкаф -1., Интерактивті панель 75 Android 11.0-1, интерактивті панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS),3-тен 1-ге дейінгі пульт (гироскоп, пульт, пернетақта) «Bilimland», «iMektep», «iTest» ресурстарына қолжетімді.Тақырыптық карталар, білім алушыға арналған глобус- 1,

Тарих кабинеті (48,8 кв/м) 30 білім алушыға 15 парта мен 30 орындық, мұғалім үстелі,мұғалім орындығы-1, көп функционалды шкаф-4, -киім ілетін шкаф бар. Интерактивті панель «Aiala» AG-7501A 75дюйм, интерактивті панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS),3-тен 1-ге дейінгі пульт (гироскоп, пульт, пернетақта) «Bilimland», «iMektep», «iTest» ресурстарына қолжетімді. Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихынан тақырыптық карталар, тарих кабинетіне арналған қазақ хандарының портреттер жинағы бар.

Ұл балаларға арналған көркем еңбек (86,2 кв/м) кабинетінде: Компьютер HP-1, Window 10-1, стол 140*100-1, стол-1, пневмо Lux-6, жұмыс табуреткасы-6, киімілетін шкаф-1 құралдар сақтайтын шкаф-2, желілік фильтр-2,ш аккумуляторлық шуруповер -1, құралдар жинағы -1,бір жақты ағаш шеберi -7.шағын желім тапаншасы -10,алты қырлы дәнекерлеуші-2. плоскогубцы-10. стамеска-4,электр слесарлық қысқыштар-10.Қысқыш-10, ағашқа арналған 350 мм 5 ауыстырылатын пила-10,екі компенентті напельник-10 ағаш тұтқалы қолмен жұмыс істейтін лобзик 15, выжыгатель 5,зубр приямые удлиненные-10 ,құрылыс қысқыштары -5,құрал кескіш-5,молоток строительный-10, сверла жинағы-10, отвертка-5, металл кесетін қайшы -5,қорғаныс көзілдіріктер-10 бұрышты тегістеу машинасы -1,бір жақты ағаш рубаногы -8 екі компонентті тұтқасы бар профессионалды рашпиль-8 шеге сорғыш-2, концеларлық пышақ -5,акрильді бояу-5, аптечка-1 презент жеңдер 10, клей ПВА 85-4-5,, сызу құралдары -1 металл кесетін пышақ-5

Қыз балаларға арналған көркем еңбек (41,8 кв/м) кабинетіне 8 тігін машинасы, 1 оверлок машинасы орналастырылды. оқушының орындығы, мұғалім орындығы-1, көпфункционалды шкаф-3, темір инелер мен жіптер жиынтығы,тігін машинасына арналған инелер жиынтығы және қолөнерге арналған иірілген жіп жиынтығы-8, ілмектер жиынтығы, қайшы-15, зығыр және оны қайта өңдеу өнімдері, мақта және оны қайта өңдеу өнімдері, жібек және оны қайта өңдеу өнімдері, жүн және оны қайта өңдеу өнімдері, білім алушыларға арналған фартуктар-16, фетр алты түсті-1 метрден, тоқыма жіптер-

6 түсті. кесте тігу машинасы-1, үтіктеу тақтасы-1,тігінші манекені-1 дана. Ас үйге арналған асхана жиһазы , білім алушыларға арналған орындық-12, электр плитасы-1, сорғыш-1, ас үй ыдыстары- 1 комплект, магниттік ұстағышы бар 6 PR пышақ жинағы, тоңазытқыш-1, араластырғыш-1, шайнек-2 ,. Барлық жабдықтармен қамтамасыз етілген кабинеттерде қажет болған жағдайда әр оқушы құралдарды жеке қолдана алады.

Мектеп-гимназияда психологиялық қызмет көрсетуге арналған кабинет (37 кв/м) жұмыс жасайды. Кабинетте мұғалім үстелі мен мұғалім орындығы психологқа арналған жұмыс компьютер мен түрлі түсті принтері бар. -, , Оқушылар мен жұмыс жасау үшін компьютер мен арнайы дөңгелек үстелі мен жұмсақ орындықтар бар,жартылай ашық шкаф-,Киім ілетін шкаф. Құмды анимацияға арналған жарық үстелі маркерлік тақта мен диван бар.

2024 жылы заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған STEM кабинеті алынды ,кабинет 2 қабатта орналасқан (47,3кв/м) Интерактивті панель 75 8-128 ГБ, интератиктивті панелдің тақтайшасы -1 ,тумбасыз жұмыс үстелі- 1 , мұғалім столы- 1 ,мұғалім креслосы -1,Көрме үстелі-1 , зертханалық үстел-4 оқушыға арналған модульдік үстелдер жиынтығы-12 , оқушыларға арналған орындықтар -28, 3д принтеріне арналған тумба-1 , , ұялы телефонға арналған жәшік -1 ,Ноутбук-1 , 3Д принет-1 , Моноблок-1,OPS-1,Акустикалық жүйе

құлаққап гарнитурасы Vicrolab M -110- 1, Монохромды МФУ Xerox-1, желілік сүзгі 5 метр -2 , ғылыми датчиктері бар база жиынтығы Arduino-3, Білім беру және дамыту жобаларында пайдалануға арналған жиынтық платформаға жазылыммен-1 , робототехникаға арналған жиынтықтар-1, альтернативті энергия көздерін зерттеуге арналған жинақ әдістемелік материалдармен-1 ,алғашқы көмек көрсету қобдишасы керек-жарақтармен-1, STEM Ақпараттық стенд -1, Ақпараттық қауіпсіздік стенд STEM -1,Лотоктары бар шкафтармен жабдықталған.

Робототехника кабинетінде (49,6кв/м)-QH Болашақ инженер қайырымдылық бағдарламасының аясында робототехника кабинеті берілді.Кабинет 1 қабатта орналасқан .Комплект аккумулятор Robiton R03 с З/У Robiton VolumeCharqer -3, Баннер (поле для занятий робото- техникой) размер 440(1200мм*2400мм)в тубусе -2,ПАК Робототехнический конструктор R;ED X, комплектация EDU-10, оқу-әдістемелік комплекстер орыс және қазақ тілдерінде электронды түрде-1 робототехника сабақтарына арналған үстел-1, «Робототехника жайлы қысқаша сипаттама» тақырыптарында стендттермен жабдықталған.

Дене тәрбиесі бойынша бағдарламаны орындау үшін мектеп аумағында жалпы алаңы бар үлкен спорт залы (168,1), шағын спорт залы (48,8) бар. Мұғалім кабинеті мен білім алушылардың киім ауыстыратын жері-2. Сабаққа қажет құралдардың барлығы бар. Атап айтсақ: тартылу сөресі -1,спорттық бревно -1 , гимнастикалық орындық-6, спорттық секіргіш -1,гимнастикалық матрастар-10дана,коньки-10дана,брусья-1, гимнастикалық көпір -1, гимнасти-калық ешкі-1, обруч-15, волейбол торы-2, волейбол

доптары-10, шаңғы- 30, теннис шарлары- 10, теннисі ракеткасы-8, баскетбол доптары- 10, футбол доптары-10, баскетбол торы-2, лақтыруға арналған гранаталар-8, секірткіш-10, ауыр доптар кг-10-5, , тоғызқұмалақ-15, шахмат тақтасы-8, секіртпе -20, лақтыруға арналған граната -5,

Қазіргі уақытта оқу процессі материалдық және техникалық база бойынша жетілдірілді. 2024 жылы ақпан айында QH Болашақ инженер қайырымдылық бағдарламасының аясында Робототехника кабинеті берілді. «QTrade Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен Жаңа үлгідегі заманауи жабдықтармен 2024 жылы қазан айында №117 келісім шартына отырып СТЭМ кабинеті алынды. 2025 жылы тамыз айында «Қазақстан халқы» қорынан 250 млн теңге бөлініп. Жаңа үлгідегі химия, информатика-лингафон, Оқу кабинеттерінде интерактивті 7 панел орнатылған, олардың барлығы интернет желісіне қосылған. 2024 жылы мектебімізге ағымдағы жөндеу жұмысы өткізілді.

Мәжіліс залы мектептің бірінші қабатында орналасқан, жалпы ауданы – 175,3 ш.м

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер;

Біздің республикамыздың әрбір бесінші тұрғыны - бұл қазіргі заманғы мектеп жағдайында өзінің балалық шағының көп бөлігін өткізетін мектеп оқушысы. Мектеп жасы - көбіне өмірлік циклдың осы фразасын айқындайтын салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін үлкен мүмкіндіктер уақыты. Өсіп

келе жатқан жасөспірімдерінің денсаулық қалпы–қоғам мен мемлекет игіліктің көрсеткіші, ол тек қана қазіргі жағдайын көрсетпей, болашаққа нақты болжам бере алады. Құрылған жағдайға білім беру жүйесі де өз жауапкершілігін жүктейді. Оқушылар денсаулығын сақтау және нығайту–күрделі жиынтық әлеуметтік–педагогикалық мәселе, білім беру мен тәрбие беру мақсаттарын қайта бағыттауын талап етеді.

Жүргізіліп жатқан зерттеулер оқушылардың денсаулығын сипаттайтын күрделі мәселелерді анықтады. Мектеп жасындағы оқушыларды скринингтік тексеріп-қарау нәтижелері бойынша сырқаттанушылық құрылымында жетекші орындарда: көз және оның қосалқылары, сүйек-бұлшық ет жүйесі және асқорыту мүшелері алып отыр. Дұрыс тамақтанбау, тамақ өнімдерінде тұздың, майдың және қанттың артық болуы асқорыту ауруларының өсуіне себепші болады. Бүгінгі күні осы санаттағы пациенттердің әрбір төртіншісі - мектеп жасындағы бала. Мектептегі медициналық қызметтің мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің психологиялық және тән денсаулығын қалыптастыру.

Негізгі міндеттер:

1. Балалардың, жасөспірімдердің және жастардың психологиялық және тән денсаулығы проблемаларына кешенді ұстанымды қамтамасыз ету.
2. Мектепте денсаулық үшін қолайлы және қауіпсіз қоршаған ортаны құру.
3. Мектеп оқушыларына дене шынықтырумен айналысуға жағдай мен мүмкіншілік жасау
4. Тұтас жүйені дамыту - физикалық ортаны сақтауға, оқушының тәни және психикалық денсаулығын нығайтуға, саламатты өмір салтын сүруді, валеологиялық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған мектеп медицинасы қызметін құру.
5. Мектеп оқушылары арасында есірткілерді тарату мен тұтынуға, темекі шегуге және алкогольге тиімді қарсы іс-қимылды қамтамасыз ету.
6. Балалар мен жасөспірімдерді теңгерімді және қауіпсіз тамақпен қамтамасыз ету.

Нысаналы индикаторлар:

✓ балалар, жасөспірімдер арасында асқазан-ішек жолдарының ауруын азайту;

✓ балалар, жасөспірімдер арасында сүйек-бұлшық ет жүйесінің ауруын азайту;

✓ жасөспірімдер арасында жыныстық жолмен берілетін инфекциялармен (бұдан әрі-ЖЖБИ) сырқаттанушылық туралы мәлімет беру;

✓ балалар мен жасөспірімдер арасында есірткі тұтынудың зияны туралы мәлімет беру;

✓ жасөспірім қыздар арасында жоспарланбаған жүктілікті және аборттардың алдын алу туралы жүйелі жұмыстар жасау;\

✓ мектеп оқушылары арасында темекінің зияны және алкогольдің ағзаға зияны туралы мәлімет беру.

Үш жыл бойы егумен қамтылған мәліметтер

Оқу жылы		2022-2023		2023-2024		2024-2025	
Саны	Егу	Екпе жасалуға тиісті	жасалынды	Екпе жасалуға тиісті	жасалды	Екпе жасалуға тиісті	жасалды
6 жас	RV_4АбКДС	20	20	20	20	20	20
6 жас	RV_2 КПК	20	20	20	20	20	20
6 - 7 жас	Перед RV_2 БЦЖ.(Р-манту). IX						
	Перед RV_2БЦЖ. Р-манту XII						
6 - 7 жас	RV_2 БЦЖ. IX айы						
	RV_2 БЦЖ XII айы						
14 жасқа дейінгі эпид жағдайға орай екпе	Вирусты.Гепатит -А I тур	10	10				
	Вирусты.Гепатит –А II тур	10	10	10	10	10	10
18 жасқа дейінгі эпид жағдайға орай екпе	Грппол плюс	20	20	30	30	40	40
16 жас	RV_5 АДС-М	40	40	50	50	36	36
2 - 7 сыныпқа дейін	Реакция Манту						

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ұйымының 30.11.2020 жылы №214 бұйрығымен бекітілген түберкүлез ауруының алдын алу мақсатында мектепте жыл сайын манту сынамасы жүргізіледі.

Манту сынамасының жүргізу мақсаты:

✓ МТБ алғаш рет жұқтырғандарды және туберкулинге гиперергиялық реакциясы бар балалар мен жасөспірімдерді анықтау;

✓ БЦЖ вакцинасы мен ревакцинациясына контингентті іріктеу;

✓ Ауруды ерте анықтау;

1 сынып оқушыларына түберкүлинді сынама теріс (отрицательный) нәтиже көрсеткен оқушыларға БЦЖ екпесі сол жақ иық тұсына жасалды. 2 сынып және 7 сынып 14 жасқа дейінгі тәуекел тобындағы оқушыларға туберкулинді сынама жүргізілді. **2ТБ Манту сынамасы бойынша қарап тексеруге мына балалар жатады:**

- ✓ Қауіп тобындағы балалар
- ✓ Туберкулез ошақтарынан шыққан балалар мен жасөспірімдер
- ✓ Вакцинация және ревакцинация алдындағы 2 айдан асқан балалар
- ✓ Туберкулезбен ауыру бойынша «қауіп» тобына:
- ✓ Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан балалар
- ✓ Интоксикация белгілері өршіген жағдайда
- ✓ Педиатрда «Д» есепте тұрған балалар
- ✓ Жабық оқу орындарының контингенті
- ✓ БЦЖ вакцинациясы жасалмаған және вакцинадан кейінгі тыртық пайда болмаған жағдайда (рубчик).

Қаралуға және емделуге жататын балаларға қатаң бақылау жүргізіледі. Тұрақты туберкулез ауруының алдын алу жұмыстарының жүргізу мақсатында манту сынамасының жүргізілуі өз тиімділігін көрсетуде. Виражды, тубинфекцияланған балалар саны азаюда.

Үш жыл бойы Манту реакциясына нәтижелер бойынша мәлімет

2 сыныптан 7 сыныпқа дейін	2022-2023	2023-2024	2024-2025
	130	130	130
	Екпе жасалды, анықталды	Екпе жасалды, анықталды	Екпе жасалды, анықталды
Вираж туб проб III Б гр	15	10	10
Туб. Контактный БК (-)	-	-	-
Туб. Контактный БК (+)	-	-	-
Тубинфицированный	3	10	8
Туберкулёз	-	-	-
Гиперергическая реакция	-	-	-

Мектепте жұқпалы аурулардың алдын алу барысында іс-шаралар жүрді.

1. Науқастардың дер кезінде анықтау, бөлек ұстау;
2. Жарасыздандыруды уақытылы жүргізу;
3. Алдын-алу егу жұмыстарын жүргізу;
4. Мектептің санитарлы–гигиеналық қалпын бақылау ауа тәртібін ұйымдастыру, құралдарымен барлық бөлмелерді күнделікті жинақтау.
5. Оқушылар, педагогтер, шаруашылық қызметкерлері, асхана қызметкерлері арасында санитарлы ағартушылық жұмыс өткізілді.

Аурулар құрастырмасы

Иммуно алдын-алу, санитарлы–ағартушылық жұмыс бойынша жүргізілген жұмыс нәтежесінде, оқушылар, мұғалімдер арасында және мектептің санитарлық қалпын жақсарту, алдын-алу белсенділігі жоғарылауда. 2012 жылдан қазіргі кезге дейін корь, паратит жағдайлар тіркелмеген. Аурулар туралы мәлеметтерді балаларды және жасөспірімдер жоспарлы медициналық қараудың мәліметтері толықтырады. Жыл сайын оқушылардың дәрігерлік қарау жүргізудің негізгі мақсаты - бұл олардың дене шынықтыру және психикалық дамыту деңгейін белгілеуі, денсаулық қалпы төмендеген балаларды белсенді анықтау, қажетті емдеу оңалту іс -шаралар тағайындау.

Халықтың нысаналы топтарын профилактикалық медициналық тексеру жүргізу ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2011.03.16 N145 бұйрығымен бекітілген. Осы бұйрық бойынша оқушылардың медициналық қарауы емхананың меңгерушісімен бекітілген кестесіне сәйкес күзгі–қысқы кезенде скрининг жүргізіледі. Даярлық сыныбының оқушылары емханада скринингтен өтеді. Ал 1 сынып және 11 сынып аралығында мектепішілік скринингтен өтеді. Скрининг мамандандырылған дәрігерлер бригадасымен жүргізіледі. Денсаулығы нашарланған балалар емхана шараларында немесе амбулаторлы оңалту мақсатында ем алады. Скрининг нәтижесі шыққан бойда дәрігердің тағайындауымен «Д» есепке алынған оқушылар тіркеуге алынып, емдеу іс-шаралары жүргізіледі.

Оқушылардың скрининг өту кестесі

Дәрігер мамандығы				Тексерудің түрі												
сынып	педиатор	подростковый	Хирург ортопед	Лор	Окулист	психолог	стаматолог	Антрометрия	Острата зрения	Острата слуха	АД	Обследования я/г	Анализ крови	Анализ мочи	флюра	рекомендация
1	+		+	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+		+
2	+		+	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+		+
3	+		+	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+		+
4	+		+	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+		+
5	+		+	+	+	+	+	+	+	+	+		+	+		+
6	+		+	+	+	+	+	+	+	+	+		+	+		+
7	+		+	+	+	+	+	+	+	+	+		+	+		+
8	+		+	+	+	+	+	+	+	+	+		+	+		
9		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+	
10		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+	
11		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		+	+	+	

Мектеп оқушыларың медициналық бақылаудан өтуі көрсеткіші

Оқу жылы	Қаралуға жатады	Қамту	Медосмотр қаралуы				
			Естудің бұзылуы	Көрудің бұзылуы	Дефект речи	Сколиоз	Осанка бұзылуы
2021-2022	500	500	-	15	-	4	-
2022-2023	365	365	-	10	-	3	-
2023-2024	393	393	-	5	-	-	-

«Д» есебіне алынған балалар туралы мәлімет

	2022-2023ж	2023-2024ж	2024-2025
Хирург	5	5	3
Неврапотолог	-	-	-
Стоматолог	-	-	-
Эндокринолог	-	1	3
Психолог - ПМПК			
Окулист	15	10	5
Лор	-	-	3
Педиатр	-	-	-

Дене шынықтыру сабақтарында жарақаттану динамикасы.

Оқу жылы	2022-2023 ж.	2023-2024 ж.	2024-2025
Жарақат саны	0	0	0

1-11 сыныптарда дене шынықтыру топтар ұйымдастыруы

Жыл	2022-2023 ж.	2023-2024 ж.	2024-2025
Босатылғандар ВКК анықтамсы бойынша	3	2	1

Медициналық кабинеттің жабдықталуы

№	Медициналық жабдықтар мен құрал-саймандардың атауы	Саны
1	Жазу үстелі	1
2	Орындықтар	2
3	Кушетка	1
4	Кеңсе шкафы	2
5	Медициналық шкаф	1
6	Керме (Ширма)	1
7	Әйнек қақпағы бар медициналық шағын үстел	2

8	Тоңазытқыш (вакциналарға және дәрі-дәрмектерге арналған)	1
9	Тонометр	1
10	Фонендоскоп	1
11	Бактерицидті шам	1
12	Медициналық таразы	1
13	Бой өлшегіш	1
14	Вакциналарды тасымалдауға арналған термоконтейнер	1
15	Үстелге қоятын шам	1
16	Медициналық термометрлер	7
17	Қайшы	1
18	Қол жуатын раковина	1
19	Педальды қақпағы бар шелек	1
20	Вакциналардың қалдықтарын жоюға арналған ыдыс	2
21	Медициналық халаттар	3
22	Қалпақтар	1
23	Бір рет қолданылатын жаймалар	Үнемі бар болғанда
24	Бір рет қолданылатын қағаз сүлгілер	Үнемі бар болғанда
25	Жинауға арналған қоңыр түсті халаттар	1
25	Бір рет қолданылатын маскалар	50
26	Жинау мүкәммалы: шелек, швабра, шүберек, шүберек сақтайтын ыдыс, қолғаптар	Үй-жай жиынына қарай есептеледі
27	Дезинфекциялау құралдары	1 банка
28	Кеңсе тауарлары (журнал, дәптер, желім, қаламсап, қағазтескі, степлер, корректор, папкалар және т.б.)	Қажеттілігіне қарай
29	Кішкентай бикс	2 дана
30	Дозаторлы сұйық сабын	Үнемі бар болғанда
31	Резеңке бұрау	2 дана
32	2,0, + 5,0. 10,0 инелері бар шрицтер	10 дана + 10 дана, 5 дана
33	Сантиметрлік лента	1 дана
34	Резеңке жылытқы	1-2 дана.

35	Мұзға арналған ыдыс	1 дана.
36	Бүйрек тәрізді науа	0
37	Металл қалақша	0
38	Без озоновый кварц	0

Медпунктың жұмыс мақсаты: санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қадағалау, алдын ала анықтау жұмыстарын жүргізу, науқас болған балаларды анықтау, оңалту.

Жыл сайын мектептің барлық балалар тізімі құрастырылып, журналға енгізіледі. Барлық балалардың антропометриялық өлшеуден өтеді, дене салмағы өлшененді және «Д» бақылауда тұрған оқушыларды сынып журналдың денсаулық парағына толтырылады.

СӨС қалыптастыру мақсатында медике 3 бағытта жұмыс жүргізеді.

- ✓ Ата- аналармен жұмыс
- ✓ Мұғалімдермен бірлескен жұмыс
- ✓ Оқушылармен жұмыс.

Мектеп оқушыларына салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында диктанттар жаздырылып, санбюллетень шығарылады, броюшра парақшалары таратылады. Мұғалімдермен бірлесе отырып жұмыстар жүргізіледі. Ата-аналармен жиналыстар өткізіледі. Жұмыс барысында «Паразиттік аурулардың алдын алу бойынша санитариялық – эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға жүргізуге қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы №89 Қаулысы, Қазақстан Республикасының Ұлттық егу күнтізбесі профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу ережесін және халықтың жоспарлы егілуге жатқызылатын топтарын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы №2295 Қаулысы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №20 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалары т.б. нормативтік құжаттар басшылыққа алынады

6-бөлім. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.
Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшем шарттар;

Қазіргі кезеңде мәдениет саласы адамдардың өскелең талабын қанағаттандыруға, рухани байлығын, жалпы қабілетін дамытуға, жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыруға тиісті болса, бұл міндеттерді іске асыруда мектеп кітапханаларының алатын орны ерекше.

Қазақстанда кітапхана ісінің дамуы еліміздегі мәдени құрылыстың жарқын беттері болып табылады. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы № 3» КММ-нің мектеп кітапханасы оқу үдерісі мен ғылыми зерттеулерді әдебиеттермен және ақпараттармен қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі, сонымен қатар білім беру, рухани және зияткерлік қарым-қатынас пен мәдениетті тарату орталығы болып табылады. Кітапхана өз қызметін өзінің негізгі әдістемелік тақырыбына, оқу сыныптарында, даму бағыттарына және тәрбиелік мақсаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Мектеп кітапханасы мектептің екінші қабатында, оқу залы мен абонемент орналасқан.Мектеп кітапханасының жалпы көлемі – 49 ш.м. Оқырмандарға арналған 4 үстел, 10 орындық, 1 компьютер бар. 2024 жылдан бастап турникетке көркем әдеби кітаптар тіркеу жұмыстары жүргізілуде.

Кітапхана меңгерушісі – Дуйсенова.К.С. Кітапхана мектеп директоры бекітілген белгілі жұмыс жоспары бойынша жұмыс жасайды. Кітапхана үшін жылдық жұмыс жоспары негізгі және міндеті болып табылады. Кітапхана мен кітапханашы қызметі жұмыстың мазмұның анықтайтын нақты міндеттерге бағытталған. Мектеп кітапханасы жұмысының негізгі міндеттері – бұл білім беру процесіне қатысушыларды-білім алушылар мен мұғалімдерді кітапханалық-ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы ақпаратқа қол жеткізумен қамтамасыз ету. Кітапхана іс-шаралары, көрме жұмысы және басқа да жұмыс түрлері арқылы оқу-тәрбие үрдісіне ықпал ету. Дәстүрлі ақпарат көздерімен қатар, кітапханашы жаңа әдебиеттерге бейне-шолу жасайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы «19» қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидалары бойынша жалпы мынадай ережелерді қамтиды.

Кітапхана қорын қалыптастыру – қорды құру, ұдайы жаңарту, дамыту және оны жұмыс бабында ұстау; кітапхана қорын үлгілеу жөніндегі барлық технологиялық процестердің жиынтық ұғымы, білім беру қызметін іске асыру үшін мемлекеттік білім беру ұйымдарын ақпарат ресурстарымен қамтамасыз ету.

Кітапхана қорына түскен құжаттарды есепке алу оларды тұрақты, ұзақ және уақытша сақтау құжаттарына бөлу жолымен саралы түрде жүзеге асырылады.

«Кітапхана қорын жиынтық есепке алу Кітабының» үш бөлімінде немесе жиынтық есепке алудың басқа нысанында тіркеледі:

1) бірінші бөлім – «Қорға түскен түсім»;
2) екінші бөлім – «Қордан шығару»;
3) үшінші бөлім – «Қордың қозғалысының қорытындылары».

Кітапхананың кітап қорының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында құжаттарды жиынтық және жеке есепке алу жүзеге асырылады.

Кітапхана қызметкерлері белгіленген қорды есепке алу, сақтау және пайдалану ережелерін сақтауға міндетті және осы ережелерді бұзғаны үшін жауап береді.

Мектеп кітапханасының төлқұжаты, кітапхананы пайдалану ережесі және жұмыс кестесі бар. Бухгалтерлік есеп пен есеп беру мектеп кітапханаларының жұмысын ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік ұсыныстар нысандарына сәйкес жүзеге асырылады. Мектеп кітапханасы ғаламтор желісіне қосылған. Оқушылар оқыған әдебиеттері бойынша буктрейлерлер, видеороликтер жасайды. Оқушылармен онлайн-көрмелер, көркем сөз оқу челенджері ұйымдастырылады. Кітапхананың 2023-2024 оқу жылында жұмыс көрсеткіші: оқырман саны- 407, бір жыл ішіндегі келу саны-6164, берілген кітап саны - 7161, қордың кітаппен қамтылуы бір адамға шаққанда – 67.

Кітапхананың негізгі жұмыс көрсеткіші

№	Көрсеткіші	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж	2024-2025
1	Оқырмандар саны	405	407	409
2	Кітапберілу саны	7128	7161	7169
3	Қатысушылар	6140	6164	6170
4	Кітапқоры	47080	47212	29374
5	Оқулық	20093	20162	7870
6	Оқылымы	17,6	17,5	17,5
7	Айналымы	0,2	0,3	0,3
8	Қамтылуы	67	67	52,5

Қамтылудың аз пайыз болып тұрған себебі, негізгі қордан әдестеме әдебиеттері шығысталуына байланысты болып тұр.. Ал, қазіргі таңда 2024 жылдың 22 қаңтардағы № 13-03/298 хатына сәйкес 19017 дана 14033127,88 теңге әдістемелік,оқулықтар есептен шығарылды.

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 мамырда № 20708 болып тіркелді. Осы бұйрық

негізіндегі ережелерге сәйкес аталған оқулықтарды кесте түрінде жіктеп, оқулықтың авторын, атауы, шыққан жылын, баспасы және сыныбы көрсетілген.

Мектеп кітапханасында 29374 -дің үстінде кітап қоры жинақталған, оның 21504 данасы негізгі қор, ал қалған 7870 оқулық. Оқушыларымыз оқулықпен 100 пайыз қамтамасыз етілген. Барлық оқулықтар ҚР Білім және ғылым министірлігінің бекіткен тізіміне сай. Мектеп қорындағы оқулықтар 11-сыныптар -2020 жылғы басылым, 4,9,10 – сыныптар - 2019 жылғы басылым, 3,6,8 – сыныптар - 2018 жылғы басылым, 5,7 - сыныптар - 2017 жылғы басылым, 1 - сыныптар 2021 - жылғы, 2 - сыныптар 2022 жылғы басылыммен оқиды.2024 жылы 3 сыныптың жаңа оқулықтар келіп түсті олар: Еңбекке баулу,Бейнелеу ,Жаратылыстану,Русский язык,Ағылшын тілі және электронды Цифрлық сауаттылық. Сыныптарға берілген оқулықтар тізімделіп, «Оқулық беруді тіркеу» журналына тіркеліп беріледі. Кітапхана меңгерушісі оқулықтар қорының сақталуы туралы педкеңестер мен директор жанындағы отырыстарда , ата-аналар жиналысында сөз сөйлейді. Мектеп кітапханасының негізгі қоры 29374 оның ішінде мемлекеттік тілдегі кітаптар 11448 дана.

Кітап қорының жағдайы

	2022-2023 о.ж.	**2023-2024 о.ж**	**2024-2025 о.ж**
Жалпы қоры	47080	47212	29374
Негізгі қоры	26987	27050	21504
Оқулық қоры	20093	20162	7870

Мектебімізде мектеп кітапханасының баспасөзге жазылуы жақсы жолға қойылған, 2022-жылға – 32 атау – 299216 ,2023-жылға - 43 атау – 420,602 теңге,2025 жылға 14 атау- 181000 теңге. Бұл басылымдар мектеп кітапханасы болғандықтан оқушылар мен мұғалімдердің оқу процесіне пайдалануына арналған.

Балалардың оқу бағдарламасына қосымша мәлімет алатын газет-журналдар: «Балдырған», «Айгөлек»,«Бала би», «Ақ желкен», «Білімді ел» «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» мұғалімдерге арналған әдістемлік басылымдары.

Кітапхана қоры әмбебаб, көпсалалы болып келеді. Қор ББК бойынша салаланып, бастауыш сыныптар тақырып бойынша орналастырылған. Оқулықтар сыныптары бойынша қойылған.

Кітапханадағы кітап қорының салалық құрамы: жаратылыстану ғылымдары - 1467 дана, мәдениеттану ғылымдар 4859 дана, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар - 2891 дана, педагогикалық ғылымдар - 1797 дана, Тіл және әдебиет - 866 дана, көркем әдебиеттер – 10625 дана.

Баспасөзге жұмсалынған қаржы көлемі

2021-2022	2022-2023	2024-2025
299216	420602	181000

Уақыт талабына байланысты кітапхана ісіне, қоғамдық кітаппен ақпарат хабарларға деген өскелең талаптарға сай кітапхана өз жұмысын атқаруда.
Жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ анатілі мен әдебиетін, тарихи мен өнерін қастерлеп,халықтың салт-дәстүрін аялай, ардақтай білуде тәрбиелеу кітаптың еншісінде. Мектеп кітапханасы кішкентай болғанымен, атқарар қызметі үлкен. Кітапханаға оқушылар келіп, қажетті әдебиеттерін жазғызып алып отырады, білімдерін толықтырады. Бұл орын оқушылардың шығармашылық жұмыстарымен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді.
Өткізіліп жатқаніс-шаралар, кітап көрмелері баршылық, ал біздің мақсатымыз – оларды тек бір атқарылды деген белгі үшін емес, жалпы оқырмандар сусындайтындай, ой-пікір туғызатындай етіп өткізу. Кітапхананы шынайы мәдениет ошағына айналдыру.

Бүгінде балаларға арналған көркем әдебиеттермен мектеп кітапханасының қоры одан әрі де жиі толықтырылып отырса деген үміттеміз.

Еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Ол үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқу керек.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Ұлттық қоғамдық кеңесінің отырысында электронды дәуірдегі дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөліне тоқталып, мектеп кітапханаларындағы кітап қорына жаңартулар мен толықтырулар енгізудің аса маңызды екенін атап өтті. Осыған орай, мектеп кітапханаларын қайта жаңғырту мен оқушылардың кітап оқуға баулу мақсатында республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы басталып,мектеп әкімшілігімен бірлесіп іс-шаралар жобасы құрылып, іс - шаралар өткізілуде.

«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар Ұлт» жобасын жүзеге асыру аясында оқушылар, ата-аналар, педагогтар үшін кітапханашылар буктрейлерлер, бейнероликтер, фото көрмелер жасалынып, дөңгелек үстел, библио - челлендж, марафондар мен акциялар ұйымдастырып Instagram, Fasebook парақшаларына жарияланып отырады. Сондай-ақ үндестік жобасы бойынша жыл сайын ауқымды іс-шаралар өткізіледі және кітапхананың арнайы құрған жобасы «9-20-25» жобасы өз жұмысын бастады.

«Мен Отаным- Қазақстан», «Тәуелсіздік –ел тұғыры», "Білім кілті - кітапхана" демекші алғаш мектеп табалдырығын аттаған оқушылармен түрлі ертегі, әңгіме кітаптарымен таныстырылып, соңында электронды тақтадан " Шалқан ертегісін" тамашалады. Б.Майлиннің туғанына 130 жыл толуына орай

«Әдебиет майталманы»кітап көрмелері, Жұбан Молдағалиевтің туғанына 105 жыл «Жыр қыраны-Жұбан ақын» өлеңдер шеруі,. М.Дулатұлының 140 жыл толуына толуына орай , тақырыптық сөре ұйымдастырылып оқушыларға қоғам қайраткері,ақын,жазушы,қуғын-сүргін құрбаны М.Дулатовтың шығармасымен таныстырылды.Оқушылар ақынның өлеңін оқыды. «Қасым Аманжолов шығармашылығы» республикалық челлендж, Ақынның шығармашылығынан, «Менің сүйікті кітабым« республикалық челлендж, Буккроссинг бұрышы атты көрмелер жасалынып, оқушылар мен ұстаздарға ақпарат берілді. Көрменің негізгі мақсаты- ақын-жазушылардың өмірін, еңбектерін, жалпы жеткен жетістіктерін көпшілікпен таныстырып үлгі ету.

Сонымен қатар кітапхана қорын толықтыру және кітап мәртебесін көтеру 14 - ақпан Дүние жүзілік кітап сыйлау күніне орай «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы жыл сайын өткізіліп отырады. «Қазақстан-ғарыш Отаны», «Отты жылдар елесің,кітаптан оқып білесің!» тақырыбында кітап көрмелері жыл сайын ұйымдастырылып отырады.Кітапхана қоры жаңа басылымдармен толығып, бұл күнді оқушылар асыға күтеді. Кітап сыйлау күні - кітап оқуды сүйетін және ұнататындардың мерекесі. Әдетте бұл күні бір-бірімен кітап алмасады немесе бір - біріне сыйға тартады. Сондай - ақ, оқушылар «Қыста кітап оқимыз,жадымызда тоқимыз», «Әдебиет әлемінде көктем самалы» «Жаз,кітап кейіпкерлері шақырады!»Республикалық акцияларына белсене қатысып отырады.

Оқушылардың үзіліс уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында өткізілген іс - шараларды атап өтсек: «Дауыстап оқу», «Күш – білімде, білім - кітапта», «Мәңгі жаса - Қазақстаным!» викториналық тапсырмалар мен сұрақтар, «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» поэтикалық марафон. Оқушылардың белсенділігі мен қызығушылықтары кітапқа деген құрметтерінің белгісі деп ойлаймыз.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдермен бірлесе отырып «С.Сейфуллин,Б.Майлин, І.Жансүгіровтың 130 жылдық мерейтойына орай «Үш ғұмыр» тақырыбында интеллектуалдық сайыс өткізілді.8-9 сынып оқушыларымен .

Халықаралық балалар кітабы апталығында қала мектеп кітапханашылары бірлесе отырып түрлі іс-шаралар өткізеді. Б.Майлин атындағы мектепте Бейімбет Майлиннің 130 жылдық мерейтойына орай, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар арасында «Шұғаның белгісі»хикаятынан қалалық іс-шара өткізілді. Бұл сайысқа қала,ауыл мектептерінен тәрбие завучтары келіп қатысты. Белсене қатысқан ұстаздарға мақтау қағаздары мен алғыс хаттар берілді.

Қалалық деңгейдегі іс-шараларға мектеп кітапханашылары үнемі ат салысып отырады. Атап айтсақ: Кейкі батыр атындағы № 4 орта мектепте қала

мектеп кітапханашылары мен қала мектеп оқу ісі жөніндегі орынбасарларының қатысуымен Әзілхан Нұршайықовтың 100 жылдық мерейтойына орай «Махаббат қызық мол жылдар» романына әдеби квест өтті. Қатысушылар 4 топқа бөлінді, кітапханашылар дайындаған тапсырмаларды орындап белсенділік танытты.

Үндестік жобасы бойынша ата - аналармен бірлескен жұмыстар үнемі атқарылып отырады. «Отбасыммен бірге кітап оқимыз» фотоколлаж сайысы, «Үздік оқырман отбасы» отбасылық сайыс, «Алғыс айту - парызым» дөңгелек үстел өткізілді. Ой санасы дамыған, адамгершілік және дене тұрғысынан салауатты, мәдениетті тұлғаны жан-жақты қалыптастыруды көздеген тәрбиенің мәселелері мектепті де, ата - ананы да әрқашан толғандырып келеді. Тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынаста. Өйткені адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы ата-ана. «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады.Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады» - деп Елбасы айтқандай , бала әкеден - ақыл, анадан - мейір алып өседі. Қай ата- ана болмасын баласының тәрбиелі,білімді, мәдениетті болуын қалайды. Ал адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі баланың ата - анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында.

Биылғы оқу жылында арнайы құрылған «9-20-25» жобасы өз жұмысын бастады. Бұл жоба күнделікті кітап оқу дағдысын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған, Оңтүстік Корея іс - тәжірибесінен алынған. 9 ай, оқу жылы бойы, мектеп кітапханасында 20 минут кітап оқу, 25 кітапхана мөрін жинау. Жыл соңында 25 мөр жинаған оқырмандар арнайы мадақтама қағаздарымен марапатталады. Бұл жобадан оқушылардың кітап оқуға деген талпынысы мен белсенділіктерін байқауға болады.

2021,2024 жылдары жергілікті бюджет есебінен мектеп кітапханасының қоры (үш тілдегі көркем әдебиет) айтарлықтай толықтырылды. 2021 жылы кітапханаға – 709 көркем әдебиет келіп түсті, 2022 жылы – 94 кітап, 2023 жылы –63 2024 жылы-286 кітап. Электрондық құжаттар қоры оқулықпен бірге жинақталатын дискілерден тұрады, сондай - ақ қорда математика, физика, биология, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, Қазақ тілі бойынша кестелер мен схемалар, «Қазақстанның мәдени мұрасы» мультимедиялық энциклопедиясының коллекциясы бар.

Мерзімді басылымдарға жеке, жылдық жазылу рәсімделді.

Мектеп кітапханасының жұмысын кітапхана меңгерушісі К.С.Дүйсенова ұйымдастырады. Педагогикалық жоғары білімі бар: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мемлекеттік Қостанай қаласының университетін

бітірген. Кітапханашылық еңбек өтілі: 32 жыл, осы мектепте 32 жыл үздіксіз жұмыс істейді. 2023 жылы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығынан кітапханашылар курсынан өтті, кітапханашылардың қалалық семинарлар, вебинарларда өз іс тәжірибелерімен бөліседі. Кітапханадағы кітаптар қорына келіп түскен жаңа кітаптар бойынша әр түрлі форматтағы онлайн - конференция, вебинарларға ақпараттық кітапханалық сабақтар өткізуі дәстүрге айналған. Мектептің Instagram әлеуметтік парақшасында өткізілген іс-шараларды үнемі жариялап, ата - аналарға, көпшілікке, оқырмандарға хабардар етеді.

Кітапхана қызметкерлері - кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы алтын көпір.

7. Білім алушылардың білімін бағалау

1-4 сыныптар арасында білім сапасы мен оқу үлгерімінің 3 жылдық салыстырмалы көрсеткіштері

Оқу жылы	Оқыту тілі бойынша барлық оқушылар саны	Білім сапасы %	Үлгерім %
2022-2023	364	49	100
2023-2024	354	55,7	100
2024-2025	348	53,3	100

5-11 сыныптар арасындағы білім сапасы мен оқу үлгерімінің 3 жылдық салыстырмалы көрсеткіштері

Оқу жылы	5 сынып		6 сынып		7 сынып		8 сынып		9 сынып		10 сынып		11 сынып	
2022-2023	56,7	100	55	100	55	100	48	100	50	100	46,6	100	70	100
2023-2024	47	100	48	100	36	100	41	100	40	100	56	100	38	100
2024-2025	52,9	100	54,2	100	46,4	100	50	100	41	100	46	100	47	100

Жалпы мектеп бойынша білім сапасы мен оқу үлгерімінің 3 жылдық салыстырмалы көрсеткіштері

Оқу жылдары	**2022-2023**	**2023-2024**	**2024-2025**
Барлық оқушы саны	364	354	348
«Алтын белгі»	-	-	-
Үздік аттестатқа бітіргендер	2	0	2
Негізгі мектепті үздік аттестатқа бітіргендер	2	2	2
Озаттар	41	45	39
Екпінділер	118	130	128
Үлгірмеушілер	-	-	-
Сапа	49%	55,7%	53,3%
Үлгірім	100%	100%	100%

2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша 2023-2024 оқу жылының қорытындысымен салыстырғанда оқу озаттары 6 оқушыға кеміген және оқу екпінділері де 2 оқушыға кемігенін байқауға болады. Оқу сапасы 2024 - 2025 оқу жылында, 2023 - 2024 оқу жылымен салыстырғанда 2,4% пайызға кеміген. 3 - жылғы оқу қорытындысы бойынша үлгірмеуші оқушы жоқ.

7-бөлім. Білім алушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

Жаңа оқу жылы басында оқушылардың білімдерін бақылау және бағалау мақсатында білім сапасын арттыру үшін мектепішілік іс-шаралық жоспар құрылған.

Оқу-тәрбие үрдісін бақылаудың пайдаланатын негізгі түрлері:

- сыныптық бақылау;
- жалпылама бақылау;
- тақырыптық бақылау

Бақылау қорытындылары педагогикалық кеңес, директор жанындағы отырыс пен әдістемелік отырыстарынды талқыланады.

Мектеп қызметінің басты көрсеткіші оқушылардың жетістіктері болып табылады. Материалды меңгеру нәтижелерін қадағалап отыру мақсатында пәндер бойынша бөлім БЖБ, ТЖБ жұмыстары жүргізіледі. Бақылау жұмыстарына талдау жүргізіле отыра, оқу үлгерімінің орташа көрсеткіштері жалпы тұрақты және рұқсат етілген деңгейде екені анықталды. Басқарушылық қызметтің негізгі міндеті әкімшілік тарапынан мемлекеттік білім беру стандарттары талаптарының орындалуына бақылау жасау болып табылады. Бақылау мектеп жұмысының жоспары негізінде жүзеге асырылады. Бақылау, зерделеу қорытындылары бойынша аналитикалық материалдар құрылды. Мектепішілік бақылау қорытындылары талданып, әкімшілік кеңестерде, директормен өткен кеңестерде талқыланды. Қолда бар материалдар талдауы оқушылардың оқу мүмкіндіктері туралы білуге мүмкіндік береді, психологтардың зерттеулері көмегімен барлық пән мұғалімдері өткізетін оқу үлгерімі төмен оқушылармен жеке түзету жұмыстарын мақсатты түрде жүргізілді.

Білім сапасын және тәрбиелік деңгейін арттыру үшін оқыту түрлері мен әдістерін қатаң түрде сақтау қажет, сондай - ақ, оқушыға қойылатын талаптар да сақталуы тиіс. Мектепте жыл сайын (сәуір, мамыр айында) бастауыш мектепті бітіріп, негізгі мектепке көшкелі отырған 4 - сынып оқушыларынан білім деңгейін бақылау мақсатында математика мен қазақ тілінен бақылау жұмысы алынды. Аталмыш жұмыс бұрынғы 4 - сыныптарды оқытудың жаңа жағдайына бейімделіп кетуін жеңілдетуге және тездетуге мүмкіндік береді және

пән мұғалімдеріне 5-сыныптарды оқытуда психологиялық әдіс-тәсілдерді және педагогикалық әдістерді анықтауға көмек көрсетеді.

Жалпы мектеп бойынша үздік оқушылардың үлесі бойынша салыстырмалы көрсеткіш:

Үш жылдық салыстырмалы көрсеткіш

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024	2024-2025	Үш жылдағы динамика
Барлық оқушы саны	364/326	354/314	348/313	6 кему
Үздіктер	41	45	39	-6 кему
Екпінділер	118	130	128	-2 кему
Үлгермеушілер	-	-		-
Білім сапасы	49	55,7	53,3	-2,4 кему
Үлгерімі	100	100	100	-
Негізгі мектепті ерекше үлгідегі аттестатқа бітіргені	2	2	2	
Жалпы орта мектепті ерекше үлгідегі аттестатқа бітіргені	2	0	2	+2
«Алтын белгі» аттестатына бітіргендер	-	-	-	-

Сынып	2022-2023		2023-2024		2024-2025		Динамика
	Сапа %	Үлгерім %	Сапа %	Үлгерім %	Сапа %	Үлгерім %	
1 – 4	58,2	100	59,2	100	52,9	100	+1/-6,3
5 – 9	44,4	100	53,5	100	55,6	100	-9,1/+2,1
10 – 11	44	100	56	100	45,4	100	+12/-11,4
1 - 11	49	100	55,7	100	53,3	100	+6,7/-2,4

Білім беру мекемесінде соңғы екі жылда үздік, екпінділер саны, және білім сапасында кему байқалады.

Барлық сатыдағы кейбір пәндер бойынша білім сапасы үш жылдық көрсеткіш бойынша кему бар.

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша мектепте - МАД –да 43 білім алушы, 1 - 11 сыныпты 354 оқушы, соның ішінде 1-4 сыныпты 148 білім алушы, 5-11 сыныпты 206 білім алушы аяқтап шықты.

5-11 сынып білім алушылардың пән бойынша оқу үлгірімі мен білім сапасы төмендегіндей болды.

2.2. Пән бойынша білім сапасы мен үлгерімі

	пән атауы	оқушы саны	2 «А, 2 «Б»					
			оқу үлгірімі					
			«5»	«4»	«3»	«2»	үлгірім %	сапа %
1.	қазақ тілі	41	11	12	18	0	100	56
2.	әдебиетік оқу	41	9	15	17	0	100	59
3.	математика	41	9	13	19	0	100	54
4.	орыс тілі	41	12	18	11	0	100	73
5.	дүниетану	41	8	19	14	0	100	66
6.	жаратылыстану	41	8	19	14	0	100	66

	пән атауы	оқушы саны	3 «А					
			оқу үлгірімі					
			«5»	«4»	«3»	«2»	үлгірім %	сапа %
1.	қазақ тілі	28	10	8	10	0	100	64
2.	әдебиетік оқу	28	13	6	9	0	100	67.8
3.	математика	28	6	12	10	0	100	64.2
4.	шетел тілі	28	5	11	12	0	100	57

5.	орыс тілі	28	5	12	11	0	100	60.7
6.	дүниетану	28	6	13	6	0	100	68
7.	жаратылыстану	28	10	9	9	0	100	68

	пән атауы	оқушы саны	**4 «А, 4 «Б»**					
			оқу үлгірімі					
			«5»	**«4»**	**«3»**	**«2»**	үлгірім %	сапа %
1.	қазақ тілі	39	10	17	12	0	100	69.2
2.	әдебиетік оқу	39	15	18	6	0	100	84.6
3.	математика	39	13	13	5	0	100	67
4.	шетел тілі	39	8	17	15	0	100	64
5.	орыс тілі	39	11	18	10	0	100	74.3
6.	дүниетану	39	15	20	4	0	100	51.2
7.	жаратылыстану	39	12	23	4	0	100	89

	пән атауы	оқушы саны	**5 «А, 5 «Б»**					
			оқу үлгірімі					
			«5»	**«4»**	**«3»**	**«2»**	үлгірім %	сапа %
1.	қазақ тілі	37	11	18	8	0	100	78.3
2.	қазақ әдебиеті	37	10	21	6	0	100	83.7
3.	орыс тілі мен әдебиеті	37	8	17	12	0	100	67.5
4.	ағылшын тілі	37	8	13	16	0	100	56.7
5.	математика	37	7	15	15	0	100	59.4
6.	информатика	37	7	15	15	0	100	59.4
7.	жаратылыстану	37	8	19	10	0	100	73
8.	дүниежүзі тарихы	37	7	16	14	0	100	62
9.	Қазақстан тарихы	37	8	17	12	0	100	67.5

	пән атауы	оқушы саны	**6 «А, 6 «Б»**					
			оқу үлгірімі					
			«5»	**«4»**	**«3»**	**«2»**	үлгірім %	сапа %
1.	қазақ тілі	28	7	14	7	0	100	75
2.	қазақ әдебиеті	28	7	14	7	0	100	75
3.	орыс тілі мен әдебиеті	28	9	9	10	0	100	64.2
4.	ағылшын тілі	28	6	10	12	0	100	57.1
5.	математика	28	6	10	12	0	100	57.1
6.	информатика	28	6	10	12	0	100	57.1
7.	жаратылыстану	28	6	10	12	0	100	57.1
8.	дүниежүзі тарихы	28	6	12	10	0	100	64.2
9.	Қазақстан тарихы	28	6	11	11	0	100	60.7

	пән атауы	оқушы саны	**7 «А, 7 «Б»**					
			оқу үлгірімі					
			«5»	**«4»**	**«3»**	**«2»**	үлгірім %	сапа %
1.	қазақ тілі	43	11	21	11	0	100	74.4
2.	қазақ әдебиеті	43	11	22	10	0	100	76.7
3.	орыс тілі мен әдебиеті	43	16	11	16	0	100	62.7
4.	ағылшын тілі	43	10	16	17	0	100	60.4
5.	алгебра	43	8	18	17	0	100	60.4
6.	геометрия	43	8	18	17	0	100	60.4
7.	информатика	43	8	18	17	0	100	60.4
8.	география	43	9	16	18	0	100	58.1
9.	биология	43	11	14	8	0	100	58.1
10.	дүниежүзі тарихы	43	6	22	15	0	100	65.1
11.	Қазақстан тарихы	43	8	24	11	0	100	74.4
12.	физика	43	6	19	18	0	100	58.1
13.	химия	43	6	20	17	0	100	60.4

	пән атауы	оқушы саны	**8 «А, 8 «Б»**					
			оқу үлгірімі					
			«5»	**«4»**	**«3»**	**«2»**	үлгірім %	сапа %
